

Қазақстан Республикасының жазық жерлеріндегі ормандарда және қазақтың шағын адырлы ормандарында басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесудің ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 13 қаңтардағы N 48. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 14 ақпандағы N 141 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының Орман кодексін күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 23 қаңтардағы N 1925-XII қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының жазық жерлеріндегі ормандарда және Қазақтың шағын адырлы ормандарында басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесудің ережелері (қоса беріліп отыр) бекітілсін және олар 1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының жазық жерлеріндегі ормандарды және Қазақтың шағын адырлы ормандарында басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесудің ережелерін республиканың барлық орман шаруашылығы мен ағаш дайындау кәсіпорындарының қажетін қамтамасыз ететіндей таралымда шығарылуын қамтамасыз етсін және олардың орындалуына қатаң бақылау жасайтын болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 13 қаңтардағы
N 48 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының жазық жерлеріндегі ормандарда және қазақтың шағын адырлы ормандарында басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесудің Ережелері Жалпы ережелер

1. Осы аталған Ереже Қазақстан Республикасының Орман кодексіне, басқа да қолданылып жүрген заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес әзірленген және де бұл орман қорын барлық иеленушілер мен орман пайдаланушылар үшін, олардың қай ведомствоға байланыстылығы мен меншік нысанына қарамастан, жалгерлер мен жекелеген азаматтарды қосқанда, міндетті болып табылады.

2. Жазық жерлердегі және шағын адырлы жерлердегі ормандар - ағашсыз кең алқап ішіндегі шағын арал алаптар мен шоқ ағаштар, ұзын бойы созылған қарағайлы тоғайлар, сондай-ақ шағын адырларда, шөл далалар мен өзендердің су жайылмалы жерлеріндегі ағаштар болып табылады. Орманды-далалы, далалық жерлерде, жартылай шөлейт аймақтарда қарағайлы, шоқ қайыңды және көктеректі ормандар; шөлейт аймақтарда - сексеуілді, интрааймақта - су жайылмалы және тоғайлы ормандар жиі ұшырасады.

3. Жазық жерлердегі ормандар мен шағын адырлы жерлердегі ормандар өзінің өніп-өсуі жағдайына қарай төмендегідей болып бөлінеді:

Ш о қ қ а й ы ң д ы о р м а н д а р
Қ а з а қ т ы ң ш а ғ ы н а д ы р л ы о р м а н ы
Қ а р а ғ а й л ы о р м а н д а р
Ж а п ы р а қ т ы о р м а н д а р

Шағын адырлы жерлердегі шоқ қайыңды орманның оңтүстік шеті

Ұ з ы н а б о й ы с о з ы л ғ а н қ а р а ғ а й л ы о р м а н д а р
А р а л д а р д а ғ ы қ а р а ғ а й л ы о р м а н д а р
Ш ө л е й т т е г і о р м а н д а р
С е к с е у і л д і о р м а н д а р

Жазық жерлердегі шоқ ағаштардың оңтүстік шеті

И н т р а а й м а қ т ы қ о р м а н д а р
С у ж а й ы л м а л ы о р м а н д а р
Т о ғ а й л ы о р м а н д а р

Орманды табиғи аймақтар бойынша орман шаруашылық аудандар және әкімшілік облыстар бойынша бөлу қосымшада келтірілген.

4. Жазық жерлердегі ормандар және Қазақтың шағын адырлы жерлердегі ормандары бірінші топқа жатқызылған, бұлар су қорғау, қорғаныш, санитарлық-гигиеналық, сауықтыру, сондай-ақ экологиялық және әлеуметтік-экономикалық қызмет атқарады.

Ағашты басты мақсатта пайдалану үшін кесуде мынадай міндеттер қамтамасыз етілуге тиіс:

орманның табиғат қорғау ролін сақтау және күшейту;
өсіп-жетілу жағынан толысқан және жаңғыртуды қажет ететін ағаштарды дер кезінде алмастыру;

ормандық табиғи ортаны сақтау және ағашты кесу кезінде орманның

шаруашылық жағынан құнды тұқымын қалпына келтіру;
орманды үздіксіз де ұзақ пайдалану және орман жерлерін ұтымды пайдалану;

ормандардың өнімділігін арттыру;
экологиялық талаптарды ескере отырып ағаш дайындау жұмыстарында
механизация құралдарын пайдалану мүмкіндігі.

5. Ағаш тұқымдарының құнды және сирек түрлерін кесуге жол берілмейді (шарын шетені, грек жаңғағы, Семенов үйеңкісі, тораңғы, ақ сексеуіл, каркас, шеркеш, қарағаш, шегіршін, қармала, қандыағаш, бадам, алмұрт, алма, шие және басқа түрлерінде ағаш кесу белгіленбейді). Осы тұқымдар басымырақ ағаштарды күтіп-баптау үшін және санитарлық кесу үшін рұқсат етіледі.

6. Қорықтар, ұлттық және тарихи-табиғи парктер, табиғат ескерткіштері, қорықты аймақтар ормандарында, ғылыми маңызы бар орманарда, орман парктерінде, жаңғақ кәсіпшілігі аймақтарында, орман жеміс ағаштарында, қала ормандарында, жасыл аймақты орман парктері бөліктерінде, сумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғау аймақтары бірінші және екінші белдеулерінің бірінші және екінші аймақтары ормандарында, мемлекеттік қорғаныштық орман белдеулерінде, эрозияға қарсы және ерекше құнды орман алқаптарында, өзендер, көлдер, су қоймалары және басқа су объектілерінің жағаларындағы тыйым салынған (су жайылмалы жердегі жапырақты ормандардан басқа) белдеулерінде, ерекше қорғалатын бөлімдерде ағаштарды тек қана күтіп-баптау үшін кесуге және санитарлық кесуге рұқсат етіледі.

7. Ереженің 6-тармағында көрсетілген және шағын адырлы және жазық жерлердегі шоқ ағаштардың оңтүстік шетінен басқа барлық категориялы ормандарда мынадай ерекше қорғалатын учаскелер (ЕҚУ) бөлінеді:

а) далалық, шөл және басқа ормансыз (ағашсыз) кеңістіктің шекарасы бойынша орман шетінде ені - 100 м, ал ұзын бойы созылған, аралдағы қарағайлы және сексеуілді орманда - 200 м, ал ормансыз кеңістік арасында орналасқан орман учаскесінде 100 гектарға дейін. Ерекше қорғалатын учаскенің бұл категорияларына шоқ ағашты орман жатпайды;

б) жыра-сайда, сумен тез шайылатын және топырағы желмен оңай ұшатын алқаптарда өсетін орман учаскелері, далалық орман мен далалық аймақтардағы құмдық адыр үстіндегі ормандардың өте құрғақ түрлері, ормандардың ылғалды түрлері (су жайылатын жерлерден басқа) өсетін учаскелерді қоса, сондай-ақ учаскелердің периметрі бойынша ені 100 метр жолағы;

в) мемлекеттік және облыстық мақсаттағы темір және автомобиль жолдары астасатын ені 100 метр орман шеті;

г) емдік мақсатқа пайдаланылатын немесе перспективалық мақсаты бар санаторийлер, демалыс үйлері, пансионаттар, пионер лагерлері, туристік

базалар мен басқа да емдеу және сауықтыру мекемелері, селолық елді мекендер мен жұмысшы поселкелері, сондай-ақ минерал көздері төңірегіндегі шеңбері 1 шақырым орман учаскелері;

д) құмды шөлейт жерден өтетін газ, мұнай құбырларының қос қанатындағы ені 500 метрлік орманның қорғаныштық белдеуі;

е) саңырау құр ойнағы төңірегіндегі шеңбері 300 метрлік орман учаскесі, самырсынды ормандарда, құндыз өсіретін әрбір өзендердің әсіресе, ерекше қорғалатын қорықтардың жапырақты ормандарының ені 50 метрлік белдеуі;

ж) арнайы шаруашылық мақсатты өтейтін орман учаскесі (ағаш тұқымы, жаңғақ-жеміс, бал беретін, эталонды, өте құнды ағаштар, құнды ағаштар төңірегіндегі шеңбері 50 метрлік күзетілетін аймағы бар тұрақты сынау алқабы және басқа);

з) құламалы жарқабақ, шөгінді, көшкін топырақты жиек бойындағы ені 100 метрлік орман белдеуі; тау жынысының үстіне қарай көтерілетін көлемі 30 проценттен астам орман учаскелері өте құрғақ құзды-жартасты жердегі қарағайлар және осы учаскелердің периметрі бойынша ені 100 метр орман белдеуі;

и) тік беткейдегі еңісі 30 градустан және олардың экспозициясына қарамастан, одан да астам орман учаскелері;

к) көгалдардың, сумен жабдықтауға арналған құдықтар мен скважиналардың, құмды шөлейт жерлердегі мал суатының маңайындағы шеңбері 1 шақырымдық ормандардың қорғаныштық белдеуі;

л) қайта реттелген карьерлер мен кен жыныстары үйінділері маңайындағы ормандар;

м) мемлекеттік мақсаттағы туристік жолдың екі қанатына ені 250 метрлік орман белдеуі;

н) 20 градустан асатын су айрығы жоталарын қалыптастыратын тік беткейлерде көлемі 2,5 мың гектардан астам су қоймасының шекарасы бойынша су айыратын жоталар мен желілерді бойлай орналасқан ені 200 метрлік орман белдеуі.

8. Ереженің 6-тармағында тізіп көрсетілген қорғаныштық категориядағы ормандарда шаруашылық жағынан құндылығы аз және қорғаныштық, су қорғаушылық және экологиялық қызметі қасиетін жоғалтқан ағаштарды қайта реттеуге байланысты шабу орман шаруашылығы облыстық мемлекеттік органы басқармасының рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

7-тармақтың "а-н" қосымша тармақшаларында көрсетілген ерекше қорғалатын учаскелердегі өзінің тұрқы бойынша кесуді қажет етпейтін жекелеген ағаштарды жинау мақсаты көзделмейді.

Тұрақты сынау аландарындағы, егер арнайы зерттеулер жүргізуге

байланысты болмаса, табиғи түрде қураған ағаштарды қоса, қандай да болсын ағаштарды кесуге тыйым салынады.

Темір жолдар мен автомобиль жолдары бойының (осы жолдарға келіп астасатын 100 метр жердегі белдеулерден басқасы) қорғаныш белдеулеріндегі қылқан жапырақты және жалпақ жапырақты ағаштарды басты мақсатқа кесу ол бөлінген шектегі тиісті орман шаруашылығы ауданының орманы үшін "Басты мақсатқа пайдалану үшін кесудің тәсілі мен техникасы" Ережесі тарауында белгіленген режим бойынша жүргізіледі.

Өзендер, көлдер, су қоймалары жағасындағы тыйым салынған орман белдеулерінде және басқа да су жайылмалы жерлердегі жалпақ жапырақты ормандарға бөлінген су объектілерінде жаппай кесу жүргізіледі.

9. Ереженің 5,6 және 7-тармақтарында көрсетілгеннен басқа барлық ағаш алқабында ағашты іріктеп, біртіндеп және жаппай тар қатарлы түрде кесу белгіленуі мүмкін, бұл жұмысты жүргізу ағаштың басымырақ тұқымының биологиялық өзіндік қасиеттерін, орман өсімдіктері жағдайының ерекшеліктерін, орманды түлете өсіру сипатын, өсіп тұрған ағаштардың жас құрылымы мен толысуын, алқап бойында ағаштар мен көшеттердің кең орналасуын, ал Қазақтың шағын адырлы ормандарында беткейлердің қиялығы мен орналасу ерекшелігін ескеру негізінде атқару белгіленген.

Ағаш кесетін жер мөлшері таксациялық учаскенің рұқсат етілген көлемі мен мөлшеріне қарай анықталады. Ағашы бір мезгілде кесуге бөлінген аралас алқапта кесу ағаш кесетін бір жерге біріктірілуі мүмкін. Барлық жағдайда ағаш кесетін жерлердің көлемі, олардың параметрі Ереженің "Басты мақсатқа пайдалану үшін кесудің тәсілі мен техникасы" тарауында көрсетілген нормативтен артуға тиіс емес.

10. Тұрғылықты жұмсақ жапырақты ормандарда ағашты тек қана жаппай кесу көзделген. Бұларды іріктеп және біртіндеп кесу өскіндердің өспей қалуына әкеп соқтырады немесе олардың майысып қалуы салдарынан шаруашылық құндылығы жойылады.

Толымдылығы 0,5 және одан жоғары кесілген ағаштарды бұтақша ретінде өсіру көзделеді, ал толымдылығы аздарын (әсіресе қайыңдықтар) тұқымдыққа көшіру (Ереженің "Ағашы кесілген жерлердегі орманды қалпына келтіру жөніндегі шаралар" атауында) жүзеге асырылады.

11. Кесілген, бос қалған және ашық жерлердегі өсіп-жетілген, мерзімі асқан жекелеген ағаштарды олар көшет берген соң, сондай-ақ толымдылығы 0,5-0,7 шыбықтар мен орта деңгейдегі ағаштарды кесу, өзен құламасының жиегінен ені 20 метрден аспайтын белдеудің "құлама қабақтары" ірі ағаштарын (ағаштардың жас бөлігінен басқалары) жинау, орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануды жүзеге асыруға байланысты (жол салу, өртке қарсы күрес т.б.)

мақсатта пайдалану үшін орман алқабын ормансыз алқапқа көшіру облыстық мемлекеттік орман шаруашылығы органы басқармасының рұқсатымен түрлі кесу тәртібімен жүзеге асырылады.

Орман шаруашылығын және орман пайдалануды жүргізуге байланыссыз мақсатта пайдалану үшін жерді ағаштардан тазалау (гидроқұрылғылар салу, труба құбырларын жүргізу, электр беру желілерін беру, жалпы пайдаланудағы жолдар мен басқа да объектілер салу) ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатымен жүзеге асырылады.

Адамдар демалатын жерлерде, темір жолдар мен автомобиль жолдары бойындағы қорғаныш белдеулерінде, шабындықтарда, жайылымдарда және ормансыз жерлердің басқа да категорияларында, сондай-ақ ерекше қорғалатын учаскелерде, жәй-күйіне байланысты жинаудан басқа, жекелеген ағаштарды кесу ж о с п а р л а н б а й д ы .

12. Жаппай және іріктеп санитарлық кесу Қазақстан Республикасының мемлекеттік-орман шаруашылығы органының басқармасы бекіткен күтім жасау үшін кесу жөніндегі Нұсқауға, ормандағы Санитарлық ережеге, санитарлық кесуді жүргізу ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

13. Беткейлер қиялығы бойынша жазықта - 10 градусқа дейін, еңістігінде - 11-ден 20, құламада - 21-ден 30, қияда - 31 градус, одан да жоғары топқа бөлінеді.

Солтүстік беткейлер құрамына солтүстік, солтүстік-батыс, солтүстік-шығыс және шығыс, оңтүстік беткей құрамына - оңтүстік, оңтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс және батыс беткейлер жатады.

Тік қия беткейлер, егер әрбір жекелеген қия беткейдің көлбеуі 5 градустан аспайтын болса, бөліктердің төменнен жоғарыға дейінгі шекарасымен анықталады. Жекелеген тік қия беткейлердің ұзындығы 200 метрден асса, көлбеулігі 5 градус боп, ағаш кесу тәсілін өзгертетін болса, онда олардың әрқайсысының өз еңістігі анықталады.

14. Ағаштар мынадай жүйемен:

өзінің жай-күйіне қарай кесуді қажет ететін өсіп-жетілген және ұзақ тұрып қалған ағаштар, толық кесілмеген, өткен жылдарда пайдаланылмаған ағашы кесілетін жер, шайыры ағып таусылған ағаштар учаскесіндегі;

астарында айтарлықтай жаңарған басты тұқымы бар (жуандығы 0,3-0,4) шіріген және жіңішке ағаштар;

өзінің өсу қабілетін жойған жапырақты ормандар;

бірінші қабаттағы жетілген бөлігінің жуандығы 0,3 және одан жоғары, ал екінші қабаттағысы - 0,4 кем емес қос қабатты ағаштар;

кескен соң 1-2 жыл ішінде ағашы кесілген жерлерде алдын-ала өңдеу немесе орман дақылдарын отырғызу жағдайы кезінде астыңғы жағында нашар өскен, жу а н д ы ғ ы 0 , 3 - 0 , 5 а ғ а ш т а р ;

жуандығы 0,5 және одан жоғары таза әрі аралас, түрлі жастағы ағаштар;
қ у р а ғ а н а ғ а ш т а р ;
басқа да өсіп-жетілген ағаштар кесіледі.

15. Кесуі ұйғарылған алаңдарды бөлу, қайта есепке алу, ағаштарды таңбалау Қазақстан Республикасы ормандарында ағашы кесілген алаңдарды бөлу мен анықтау жөніндегі Нұсқауға сәйкес жүргізіледі.

16. Іріктеп, біртіндеп кесуге алқаптарды бөлу барысында бірінші кезекте кураған, кеуіп-сола бастаған, бүлінген, өсуі жағынан әлсіз, балауса және жас ағаштардың өсуіне кедергі келтіруші және басқа қажетсіздері бөлінеді. Аралас ағаштарда басты кезекте кесуге олардың құрамынан өртке қарсы мақсатта екі ағашқа дейін қалдырып, жапырақ тұқымдылары басым түрде таңдап алынады. Қарағайды іріктеп және бірінші кезекте біртіндеп кесу кезінде, санитарлық жай-күйі бойынша жинап алынатындарынан басқасын, олардың құрамында 4 қарағайға дейін болса, онда оларды кесу көзделмейді.

Кесуге іріктеп алынған ағаштардың жалпы қоры интенсивті түрде сұрыпталған мөлшерден (сүйеп шығарылғандарын шабу кезінде дайындалатын ағаштарды және тиеу алаңын әзірлеуді ескере отырып) артпауға тиіс.

17. Басты мақсатқа пайдалануға кесу үшін алқапты бөлу кезінде өсіп-жетілу мерзімі толмаған қылқан жапырақты және қатты жапырақты тұқымды ағаштарды кесу көзделмейді.

Өсіп-жетілмеген шабылған жерге астасатын ағаштары бар алқапты жаппай және біртіндеп кесудің соңғы кезегі үшін бөліп беру белгіленген талапқа сәйкес (Ереженің "Ағашы кесілген жерлерде орманды қалпына келтіру шаралары" бөлімі) аталған алқапты ормандандыру жағдайында ғана жүзеге асырылады.

18. Орманды табиғи жолмен қалпына келтіруді ескере отырып ағашты басты мақсатқа пайдалану үшін кесу көзделген ағаштарда мал жаю қарағайлы және қатты жапырақты ағаш өскен жерде кесуге дейін 5 жыл бойы, жұмсақ жапырақты ағаш өскен жерде - 3 жыл, ал сексеуілдіктерде бір жыл бойы т о қ т а т ы л а д ы .

Орман дақылдарынан құрылған немесе табиғи өсіп-жетілуі үшін қалдырылған орманның табиғи жолмен өсуіне жәрдемдесу жөніндегі шаралар жүргізілген барлық ормандық ағаш тұқымының жаппай алқабында, сондай-ақ алқаптың сыртқы жағына астасатын 10 метрлік белдеулерде ағаштардың биіктеп өсіп, оны мал зақымдай алмайтын күйге жеткенге дейін мұнда мал жаюға, пішен шабуға болмайды. Ағашты біртіндеп және іріктеп кесу жұмысы жүргізілген жерлерде ол біткенге дейін мал жаюға тыйым салынады.

Басты мақсатқа пайдалану үшін кесудің тәсілі мен техникасы

Орманды дала және далалық аймақтардың
шоқ ағашты ормандарында ағаш кесу

19. Орманды дала және далалық аймақтардың жапырақты байырғы шок қайыңды ормандарында, қайыңдар мен көктеректердің ылғалды түрлерінен басқа, жаппай алқаптық кесу жүргізіледі "ЖК" (1 кесте).

20. Жас шыбықтардың болуына және ағаштардың жуандығына қарамастан, көлемі 5 гектардан астам байырғы қайыңдар мен көктеректердің шок ағашты ормандарында жаппай алқаптық кесу жұмысы жүргізіледі.

Алқаптың ені - 50 метрден аспауға, ұзындығы - 1 шақырымға дейін, көлемі 5 гектардан аспауға тиіс. Жанасуы, әдеттегідей, ықтырма (2-3 ағаш алқабы арқылы), бөліктің ені кемінде 100 метр, қара жолақты (1 ағаш алқабы арқылы). Алқаптың бір қатарын екіншісі үстіне орналастырған жағдайда олар алқаптың енімен астасып кетеді (1-сурет).

Жанасу мерзімі - 2 жыл. Ағаш кесу оны қазаннан желтоқсан аралығында жүргізу кезіндегі мерзімге енгізілмейді және ағаштарды қаңтардан сәуір аралығындағы кезеңде кескенде есепке алынады.

Ағаш кесу алқабы жел қатты соғатын жаққа ұзына бойы көлденең тартылады. Ағаш кесудің бағыты жел қатты соғатын жаққа қарама-қарсы болуға тиіс.

Алаптың немесе шок ағаштың жел өтіне соңғы алқапты кескеннен кейін 2 жылдан соң кесілетін алқап енінің шеңберінде қорғаныш белдеуі қалдырылады.

21. Ағаштардың тығыздығына және жас шыбықтарының болуына қарамастан көлемі бес гектар не одан кем байырғы қайың мен көктеректі шок орманда олардың қорғаныштық әсерін сақтау мақсатымен жаппай алқаптық кесу екі мәрте жүргізіледі. Бірінші кезекте - оның жартысының жел жақтағы бөлігі кесіледі. Шок ағаштың екінші жартысы қажетті кесуге жарамдылық деңгейіне жеткенде және шыбықтарының биіктігі 1,5 метрден (2-сурет) асқанда іріктеп алынады.

Шок ағаштың кесіп алынған бөлігі қанағаттанғысыз өскенде онда орман дақылдары егіледі, ағаштардың екінші жартысын оларды отырғызғаннан кейін 3 жылдан соң кесу көзделеді.

1 К е с т е

Орманды дала мен далалық аймақтардың шок ағашты ормандарында ағашты басты мақсатқа пайдалану үшін кесу

Кесілетін ағаштардың сипаттамасы	Кесу тәсілі	Кесуге дейінгі жалпы жуандығы	Қоры бойынша сұрыптау жуандығы	сұрыптау кезінде %
----------------------------------	-------------	-------------------------------	--------------------------------	--------------------

Жас шыбықтарының болуына
қарамастан байырғы шоқ
қайындар мен көктеректер

5 га астам шоқ ағаштар	ЖК	0,3-1,0	0,3-1,0	100
5 га және одан кем шоқ ағаштар	ЖК	0,3-1,0	0,3-1,0	100
Өзендер мен су қоймалары жағаларындағы салынған орман	ЖК	0,3-1,0	0,3-1,0	100

Тыйым
белдеулері

Жанасу мерзімі, жыл	Алқаптың ені, метр	Алқаптың метр	Ескерту барынша үлкен көлемі га
------------------------	-----------------------	------------------	--

Жуандығы 0,3-0,4 қайың
ағаштар кесілген жерлерде
осы орман дақылдары
отырғызылады

2	5	0	5
**	*	2,5	* Шоқ ағаштар екі кезекпен кесіледі: біріншісі - оның жартысының жел жақ бөлігі ** екінші кезек шыбықтарының биіктігі 1,5 метр кезінде, л орман дақылдарын отырғызу кезінде 3 жылдан кейін жүргізіледі

22. Өзендер, көлдер, су қоймалары және басқа да су объектілерінің жағалауларындағы тыйым салынған орман белдеулерінде алқаптардың ені 25 метрден аспайтын мөлшерде оның ұзына бойымен өзен арнасына немесе көлдің шетіне кесе-көлденең белгіленеді (3 және 4 сурет). Алқаптардың барынша көлемі - 1,5 га. Ағаш кесудің бағыты - өзен ағысына немесе қатты соғатын желге карама-қарсы болады. Кесу Ереженің 20-тармағына сәйкес жүргізіледі.

23. Көшеттерді отырғызу үшін кесуді жүргізудің қолайлы мерзімдері: қазан

айының екінші жартысынан сәуір айының ортасына дейін. Түбірді жаруға, қабықты сыдыруға жол берілмейді. Ағашы кесілген жерлерде орман дақылдары егілсе, онда кесу мерзіміне шек қойылмайды.

Қазақтың шағын адырлы ормандарында ағаш кесу

Қарағайлы ормандарда ағаш кесу

24. Қазақтың шағын адырлы пайдалануға жарамды қарағайлы ормандарында ағашты ерікті-іріктеп, біртіндеп және жалпы алқаптық кесу жүргізілуі мүмкін (2-кесте). Құрғақ қарағайлы ормандарда белдеулі - біртіндеп кесу жүргізілуге тиіс.

25. Ағашты ерікті-іріктеп кесу тік қияның 21-30 градус барлық экспозициясы баурайында өсіп-жетілген жуандығы 0,6-1,0 қарапайым, күрделі, таза, жасы бірыңғай және түрліше жасы аралас қарағай ағаштарында, сондай-ақ тік қияның қандай болуына қарамастан ормандардың құрғақ түрінде жүргізіледі.

Жуандығы 0,8-1,0 ағаштарда, егер іріктеудің аз интенсиві белгіленбесе, қордың 15-25 проценті, ал жуандығы 0,6-0,7 ағаштарда 15-20 проценті іріктеп алынады. Барлық жағдайда ағаштардың жуандығы 0,5-тен төмендетілмейді. Ағаш кесетін алқаптың көлемі 25 га дейін.

Ағаш кесудің келесі кезегі ағаштардың жуандығы 0,6 және одан жоғары жетуіне қарай немесе бірінші қабатының жуандығы 0,3 және одан жоғары, жас ағаштар үшін екіншісінің жуандығы кемінде 0,4 орта жастағылар үшін 0,3 күрделі ағаш қалыптастыруға қарай жүргізіледі.

2 К е с т е

Қазақтың шағын адырлы қарағайлы ормандарында ағашты басты мақсатқа пайдалану үшін кесу

Кесілген ағаштардың сипаттамасы	Беткейлердің экспозициясы	Кесу тәсілі	Кесуге дейінгі жалпы жуандығы мен кезекті-лігі
Жас шыбықтардың болуына қарамастан, қарапайым және біркелкі жастағылары	С - О таза	ЕІК	0,6 - 1,0 21-30
Қарағайлардың жас шыбықтарының қарамастан, таза, аралас қарапайым әртүрлі	С - О болуына 21-30 және жастағылары	ЕІК	0,6 - 1,0 күрделі

(күрделі 4 қабаттардың көрсетілген)	және	ағаштар 5 жалпы	үшін кестелерде жуандығы	
Қарапайым таза және аралас біркелкі, әртүрлі қарағайдың жас шыбықтарының болуына қарамастан қарағайларының қанағаттанар. лықтай қайта өсуі қарағайларының жақсы өсуі		С - О жастағылары:	БК БК-1 БК-2	0,6 - 1,0 0-20 0,8 - 1,0 0,6 - 1,0
Қарағайдың екінші қабатымен қоса күрделі таза және аралас түрі (4 және 5 бірінші қабат көрсетілген)		С - О 0-20	БК-1	0,5 одан жоғары кестелерде жуандығы
Жас шыбықтарының болуына қарамастан қарапайым таза және аралас әртүрлі жастағылары		0-20	С - О ЖК	0,3 - 0,5
Қарағайдың жақсы өскен біркелкі жастағы таза және аралас түрлері 0-10		0-15	ББК	С 0,5 - 0,7 Ю

оның ішінде:
ені 15-20 м жаппай кесу
б е л д е у і
ені 30-40 м біртіндеп кесу
б е л д е у і

Қор бойынша іріктеу		Кезектің	Алқаптың	Ескерту
----- қайталанылуы,		жалпы		
жуандығы	іріктеу	алқаптың	аумағы,	
кезінде	%	жанасу мерзімі	га	
-----		ж ы л		
0,8 - 1,0	20	15 -	25	
0,6 - 0,7	15	жас,	ылғал	

				2	0	-
				қ ұ р ғ а қ		
0,8 - 1,0	25	10 -	25	Күрделі ағаштардағы		
				жас, ылғал іріктеу проценті қос		
0,7		20	15 -	қабаттың жалпы		
0,6	15	кұрғақ		қорынан көзделеді		
			10			
	0,8	-	1,0	20 - 30	10 - 12	
0,6 - 0,7		20-40	8-10	Дұрыс өспеген жағдайда		
				ықпал ету шаралары		
				жүргізіледі		
0,3 - 0,5		100	8-10	Жас шыбықтары аз		
				болғанда қарағай		
				орман дақылдары		
				өсіріледі		
0,5		30-40		10	Екінші қабаттың	
одан жоғары					жуандығы 0,3-0,4	
				болған және 1-қабатты		
				кескен соң ол нашар		
0,3 - 0,4		100	10	өскен кезде қарағайдың		
				ішінара дақылдары		
				егіледі		
0,3 - 0,5		100	5	5	Қарағай шыбықтарының	
				көлемі аз болғанда		
				орман дақылдары		
				отырғызылады		
0,5 - 0,7				10	Құрғақ орман	
				түрлерінде ғана		
0,5 - 0,7		100		Жақсы жаңарту		
				болмаған жағдайда		
				екі белдеуде де кесу		
				мерзімі жылжытылады		
				немесе орман дақылдары		
				отырғызылады		
0,5 - 0,7	20-30	7-10				

Ескерту: 1. ЕІК - ерікті іріктеп кесу, БК - біртіндеп кесу, ЖК- жаппай алқаптық кесу, ББК-бедеулік біртіндеп кесу.

2. Құр.- құрғақ қарағайлар, жас - жас, ыл-ылғал.

3. 4 кестеде барлық жолдар бойынша ағаштардың кесілетін барлық

түрлерінің (кезек) жуандығы көрсетілген.

4. Өртүрлі жастағы қарағайларды біртіндеп кесуге түпкілікті қабылдау (БК-3) және жаппай кесу барысында (ЖК) орманның өсіп-жетілген және өсіп-жетілу мерзімінен асып кеткен ағаштардың жиынтығы ғана кесіледі.

26. Ағашты біртіндеп екі-үш кезекпен кесу жазық жерлерде және 20 градустан аспайтын тік қияның барлық экспозициясының баурайында өсіп-жетілген қарапайым, таза, біркелкі, түрліше жастағы аралас қарағайларда жүргізіледі.

Жуандығы 0,8-1,0 ағаштарды үш кезекпен кесу көзделеді. Бірінші кезек - ағаштардың тұқым алуын жақсарту, орманның одан әрі өсуі үшін жағдай жасау мақсатында алдын-ала жаңғырту нәтижесіне қарамастан жүргізіледі. Ағаштардың жуандығы 0,6-0,7 дейін келеді.

Алғашқы кесуден 5-6 жыл өткен соң бұл алаңдар тексеріледі. Орман төсеніші 3 см артса немесе мүк-қына жамылғысы күштірек дамыған ағаштардың жаңарып өсуі жеткіліксіз болған жағдайда өнімнің орташа мөлшерден кем болмаған кезінде топырақты өңдеу жолымен табиғи жаңғыртуға ықпал ету қажет.

Кесудің екінші кезегі орман аясында ағаштардың жаңара өсуі қанағатты болған жағдайда 10-12 жыл өткен соң жүргізіледі (2 қосымша).

Жеткілікті жаңғыртылмаған жағдайда ол табиғи жаңғыртуға ықпал ету шаралары міндетті түрде жүргізіле отырып, осы мерзім ішінде жүзеге асырылады. Ағаштардың жуандығы 0,4-0,5-ке дейін төмендейді. Бұл орайда орман неғұрлым сәтті жаңғыртылса, кесу де соғұрлым интенсивті болмақ.

Орман ауқымындағы қарағайдың түлеп өсуі жақсы болса, онда 8-10 жылдан соң кесудің соңғы кезегі жүзеге асырылады. Өскіндер сан жағынан аз болса, кесу жұмысы ағаштарды кескеннен кейінгі алғашқы екі жылда қарағайларды еге отырып, сол мерзімде жүзеге асырылады.

Алғашқы жуандығы 0,6-0,7 ағаштарда екі кезекте кесу жұмысы жүргізіледі.

27. Қос қабатты таза және аралас өскен қарағайлы орманда өсіп жетілген ағаштардың жуандығы 0,5 және одан жоғары болса, біртіндеп кесуге екі кезең белгіленеді: біріншісі - қордың 30-40 проценті, 10 жылдан соң өсіп-жетілген қалған барлық ағаш жинап алынады. Бірінші қатардың жуандығы 0,3-0,4 болса, кесу бір кезеңмен орындалады.

Екінші қатардың жуандығы 0,3-0,4 және өсіп-жетілген ағаштарды кескеннен кейін түлеп-өсу жеткіліксіз болса, алғашқы екі жылда ішінара қарағай дақылдары отырғызылады.

28. Жаппай алқаптық кесу қарапайым таза және аралас өскен бірыңғай жастағы және түрлі жастағы ағаштардың жуандығы 0,3-0,5 болғанда жүргізіледі.

Қарағайдың түлеп өсуі жеткіліксіз жерлерде ол алғашқы екі жылда қарағай дақылдарын еге отырып жүргізіледі.

Алқаптың ені 50 м аспауы, ұзындығы - 1000 м, көлемі 5 гектарға дейін болуы шарт. Кескен жылды есептемегенде жанасу мерзімі 5 жыл. Алқаптың жанасуы - тікелей. Көлемі 1х1 шақырым шаршыларда 4-5 мәрте кесіледі. Алқаптар ұзын жағымен жел өтіне тікелей қарсы, тік қия беткейлерінде 10 градустан астам көлбеу қалыптасады, кесу бағыты беткей бойынша төменнен жоғары қарай.

29. Белдеулі - біртіндеп кесу орман алаңдары бойынша жас шыбықтарды салыстырмалы түрде бірдей орналастырғанда қарағайларының түлеп өсуі қанағаттанарлық жуандығы 0,5-0,7 бірыңғай жастағы таза және аралас құрғақ қарағай тоғайында ені 100 м және одан жоғары тығыз бөліктерде жүргізіледі. Алқап ені 15-20 және 30-40 м мөлшерінде қатар белдеулерге бөлінеді, олар өзара кезектестіріліп отырады. Орманның ені 15-20 м белдеулеріндегі барлық ағаштар жинап алынады. Ені 30-40 метрлік белдеулердегі іріктеу қордың 20-30 проценті мөлшерінде біртіндеп қос кезекпен кесудің бірінші кезеңінің принципі бойынша жүргізіледі. Ені 30-40 метрлік белдеулерде қалдырылған ағаш бөлігінің жуандығы 0,5 кем болмауға тиіс. Алғашқы жуандығы 0,5 болған жағдайда оларда ағаштарды іріктеп алу жүргізіледі.

Кесудің соңғы кезеңі ені 15-20 және 30-40 м белдеулерде түлеп өсуі жақсы болған жағдайда 7-10 жылдан кейін жүргізіледі. Түлеп өсу қанағаттанарлық немесе жеткіліксіз болған жағдайда кесу мерзімі кейінге қалдырылады немесе орман дақылдары егіледі. Белдеудің жобалық бағыты батыстан шығысқа қарай болғаны оңтайлы. Алқаптың оңтайлы көлемі 3-5 га, ең үлкені - 10 га. Белдеулі-біртіндеп кесу үшін ағаштың күрделі құрылымын (бітімін), енінің шағындығы және басқадай жуандығын бөлу көзделмейді.

Жапырақты ормандардағы ағаш кесу

30. Қазақтың шағын адырлы жапырақты ормандарында жаппай, біртіндеп және іріктеп кесу қолданылуы мүмкін. Бұл әдіс дымқыл қайыңдар мен көктеректерден (3-кесте) басқа орманның барлық түріне қолданылады.

31. Жуандығы 0,3-1,0 байырғы қайыңдар мен көктеректі ормандарда, жас шыбықтарының болуына қарамастан, сондай-ақ өндірістік ағаштарда қарағай шыбықтары болмаса, Ереженің 20, 21, 23 тармақтарына сәйкес жаппай алқаптық кесу жүргізіледі. Ағаш кесу алқабының ең үлкен көлемі тік қия беткейдің және шоқ қайыңның мөлшерін ескеру негізінде анықталады. Тік қиялығы 10 градустан астам беткейде олар ұзын жағы көлденең отырғызылады, ағаш кесу бағыты беткейдің жоғары жағынан төмен қарай атқарылады. Кесуден кейінгі алғашқы жылда өндірістік ормандарда қарағай дақылы өсіріледі. Оларды отырғызудан кейінгі жанасу мерзімі 3-5 жыл.

32. Жуандығы 0,7-1,0 өндірістік қарағайлы қайың және көктеректі

ормандарда, түлеп өсу күйіне қарамастан, сондай-ақ жуандығы

3 Кесте

Қазақтың шағын адырлы жапырақты ормандарда
ағашты басты мақсатта кесу

Кесілетін ағаштардың сипаттамасы	Беткейдің экспозиция- мен қиялығы градус	Кесу тәсілі	Кесуге дейінгі жалпы жуандығы мен кезекті-лігі
Жас шыбықтарының болуына қарамастан байырғы қайыңдар мен көктеректер, 5 га астам шоқ ағаштар көлемі 5 га және одан төмен шоқ ағаштар	С-О	ЖК	0,3-1,0
Қарағайларының қанағаттанарлық таза қайың көлеміне қарамастан барлық ағаштар көлемі 5 га астам шоқ ағаш	С-О	ЖК	0,3-1,0
Қарағайларының қанағаттанғысыз : көлемі 5 га астам шоқ ағаш	С-О	ЖК	0,3-1,0
5 га және одан кем шоқ ағаштар	С-О	ЖК	0,3-0,6
Қарағайларының қанағаттанғысыз : көлемі 5 га астам шоқ ағаш	С-О	ЖК	0,3-0,6
5 га және одан кем шоқ ағаш	С-О	ЖК	0,3-0,6
Қарағаймен аралас қайың және Қарағайының қанағаттанарлық :	С-О	ЖК	0-30
Қарағайларының қанағаттанғысыз : көлемі 5 га астам шоқ ағаш	С-О	ЖК	0,3-1,0
5 га және одан кем шоқ ағаш	С-О	ЖК	0,3-1,0
Қарағаймен аралас қайың және Қарағайының қанағаттанарлық :	С-О	ЖК	0,3-1,0

көлеміне қарамастан барлық ағаштар	С-О	БК-1	0,7-1,0 0 - 3 0
		БК - 2	0,7 - 1,0
көлемі 5 га астам шоқ ағаш	С-О	ЖК	0,3-0,6 0 - 2 0
	С - О	ЖК	0,3 - 0,6 2 1 - 3 0
5 га және одан кем шоқ ағаш	С-О	ЖК	0,3-0,6 0 - 3 0
Қарағайларының қанағаттанғысыз : көлеміне қарамастан барлық ағаштар	түлеп	өсуінің	
	С-О	БК-1	0,7-1,0 0 - 3 0
		БК - 2	0,7 - 1,0
көлемі 5 га астам шоқ ағаш	С-О	ЖК	0,3-0,6 0 - 2 0
	С - О	ЖК	0,3 - 0,6 2 1 - 3 0
5 га және одан кем шоқ ағаш	С-О	ЖК	0,3-0,6 0 - 3 0
Өзендер мен көлдер қоймалары тыйым белдеулері	мен	көлдер жағалары салынған	және су бойындағы орман
Қарағайлардың қанағаттандырғысыз өндірістік ағаштар	түлеп өсуі	С-О	ЖК
байырғы, өндірістік ағаштар	таза	жапырақты	0,3-10, 0-30
Қанағаттанарлық шыбықтары қарағаймен өндірістік	жас қарағай болғандағы аралас	С-О	ЕІК
			0-30
		және	таза
		ағаштар	

Қор бойынша іріктеу	Кезектің	Алқаптың	Алқаптың	Ескерту
----- қайтала-	ені, м	жалпы		
жуандығы	іріктеу	нуы,	аумағы,	
кезінде	%	алқаптың	га	
		жана су,		
		мерзімі,		

			ж .		
0,3-1,0	100	2	50	5	Жуандығы 0,3-0,4 ағашы кесілген
0,3-1,0	100	2	50	3	алқаптарда орман дақылдары егіледі
0,3-1,0	100	**	*	2,5	* Шоқ ағаш екі кезекпен кесіледі: біріншіде - оның жел өтіндегі жартысы ** екіншіде - ағаштың биіктігі 1,5 м кезеңде, ал орман дақылдарын егуден жылдан кейін
0,7-1,0		30-50		-	10
0,5		100		5-7	-
0,3-0,6	100	3	50	5	Табиғи немесе өткен жылда да кесу нәтижесінде қалыптасқан ағаштар
0,3-0,6	100	3	50	3	
0,3-0,6	100	5	*	2,5	* Шоқ ағаш екі кезекпен кесіледі: бірінші - оның жел өтіндегі жартысы
0,3-1,0	100	3	50	5	Кесуден кейін қарағай дақылы құралады
0,3-1,0	100	3	50	3	Шоқ ағаш екі кезекпен кесіледі: біріншісі-оның жел өтіндегі жартысы
0,3-1,0		100	5	*	2,5
0,7-1,0		30-50		-	10
0,5			100	5-7	-
0,3-0,6	100	3	50	5	Табиғи немесе өткен жылдардағы кесу

0,3-0,6	100	3	50	3	нәтижесінде қалып. тасқан ағаштар
0,3-0,6	100	5	*	2,5	* Шоқ қайыңдар екі кезекпен кесіледі: бірінші-оның жел өтіндегі жартысы
0,7-1,0	20-40	-	-	10	Бірінші кезектен кейін 4-5 жылдан
0,6	100	8-10	-	-	соң қарағайдың түлеп өсуі қанағаттанғысыз болса, онда жәрдемдесу шарасы жүргізіледі. Соңғы кесуден кейін шыбықтары нашар өссе, қарағай дақылдары егіледі.
0,3-0,6	100	3	50	5	Кесуден кейін - қарағай дақылы
0,3-0,6	100	3	50	3	егіледі
0,3-0,6	100	5	*	2,5	* Шоқ ағаштар екі кезекпен кесіледі: бірінші-оның жел өтіндегі жартысы
0,3-1,0	100	2	25	1,5	Өндірістік ағаштарды кесіп алған соң-қарағай дақыл.
д а р ы ,		ж у а н д ы ғ ы			
0,9-1,0	20	15	-	25	0,3-0,4 байырғыларын кесіп алған
0,6-0,8	15				соң қайың дақылдары немесе олардың басқа жапырақты тұқымдары егіледі

Ескерту. ЕІК- ерікті іріктеп кесу, БК - біртіндеп кесу, ЖК - жаппай кесу.

жоғарыда аталғандай өндірістік таза қайыңды және көктеректі ормандарда

қарағайдың түлеп өсуі қанағаттанарлық болғанда ағаш кесу біртіндеп екі кезенді
ә д і с п е н а т қ а р ы л а д ы .

Өндірістік таза және қарағаймен аралас өскен қайың мен көктеректер, қарағайдың жас өскіндерінің саны қанағаттанарлық болған жағдайда, кесудің бірінші кезеңі орманға жарық түсіру және өсу қасиетін жақсарту үшін жүргізіледі. Сонда өсіп тұрған ағаштардың жуандығы 0,5 дейін төмендейді. Кесудің қорытынды кезеңі 5-7 жылдан соң жүзеге асырылады.

Өндірістік қарағаймен аралас ағаштарда қарағайдың жас өскіндері аз болған жағдайда алғашқы кесу қарағайдың тұқымдануын және оның қайта өсуін қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында жүргізіледі. Қайыңдар мен теректер кесіп алынады. Жуандығы 0,6 дейін кемиді. Егер осы алқаптағы қарағайлардың жас шыбықтары кесуден соң - 4-5 жылдан кейін шкала бойынша жеткіліксіз болса, онда оның табиғи қайта түлеп өсуіне жәрдемдесу шаралары жүргізіледі. Ағашты түпкілікті кесу оның түлеп өсуі қанағаттанарлық болғанда - 8-10 жылдан соң атқарылады. Ал оның жас өскіндері аз болса, өсіп тұрған ағаштарды кескен соң бірінші жылы қарағай дақылдары өсіріледі.

33. Ереженің 32-тармағында аталған ағаштарда, бірақ, алғашқы жуандығы 0,3 -0,6 болса, табиғи және өткен жылдарда кесудің басқаша түрі нәтижесінде қалыптасқан ормандарда жаппай алқаптық кесу қолданылады. Жуандығы 0,5-0,6 бұрын біртіндеп кесу жүргізілген өсіп тұрған ағаштарда соңғы кесу жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Алқаптардың көлемі мен орналастыру жөніндегі нормативтері Ереженің 20-21 тармақтарына сәйкес, ал кесудің бағыты - тік қия беткейлерде, олардың ең үлкен көлемі Ереженің 31-тармағына сәйкес белгіленеді. Қарағайлардың түлеп өсуі қанағаттанғысыз болған ормандарында кесуден кейінгі бірінші жылда осы тұқым дақылдары өсіріледі. Оларды отырғызғаннан кейінгі жанасу мерзімі 3-5 жыл, кесілген жылды санамағанда табиғи жолмен түлеу кезінде 3 жыл.

34. Байырғы жапырақты ормандардағы өзендер, көлдер және су объектілері жағаларындағы тыйым салынған орман белдеулерінде, сондай-ақ өндірістік ағаштарда қарағайлардың түлеп өсуі қанағаттанғысыз болғанда Ереженің 22-тармағына сәйкес алқаптық жаппай кесу жүргізіледі. Өндірістік ағаштар кесілген жерлерде Ереженің 21-тармағына сәйкес қарағай дақылдары егіледі. Қарағай аралас өндірістік ағаштарда және қанағаттанарлықтай қарағай шыбықтары бар және таза жапырақты ағаштарда Ереженің 25-тармағында көзделген технологияға сәйкес ерікті-іріктеп кесу белгіленеді. Бұл орайда ағаштың жапырақты тұқымын қылқан жапырақты тұқымға алмастыру мақсаты көзделген.

Шағын адырлардағы шоқ ағашты ормандардың
оңтүстік шеті

35. Шағын адырлардағы шок ағашты ормандардың оңтүстік шетіндегі барлық ағаштарды басты мақсатқа пайдалану үшін кесу жүргізілмейді, өйткені олардың өмірлік ролі жоғары және қайта қалпына келтіру қиын. Оларда тек орманды күтіп-баптау үшін және санитарлық кесу белгіленеді. Жаппай алқапта санитарлық тұрғыда кесу жүргізілген жерлерде ол кесілгеннен кейінгі бірінші жылда орман дақылдары өсіріледі.

Ұзына бойы созылған қарағайлы ормандарда ағаш кесу

36. Ертис өңіріндегі қарағайлы ормандарда ерікті-іріктеп, біртіндеп және жаппай алқаптық кесу жүргізіледі (4-кесте). Таза бірыңғай жастағы қарағайларда белдеулі-біртіндеп кесу жүргізілуі мүмкін.

Ерікті-іріктеп кесу жуандығы 0,6-1,0 қарапайым және күрделі таза да аралас бірыңғай жастағы қарағайлы ормандарда жүргізіледі.

Кесудің әрбір кезегінде, бірінші кезекте, өсіп-жетілу мерзімі өткен және өсіп-жетілгендерінің бір бөлігі белгіленеді. Жасы 150 жылдан асқан қарағай ағаштарын кесудің келесі кезегіне дейін түбірінде қалдырудың қажеті жоқ, өйткені олардың шіруге ұшырап, бүліну қаупі арта түседі, сапасы төмендейді. Ал дымқыл жердегі қарағайлы тоғайларда сау қайың ағаштарын қоспаларымен 10 процентіне дейін түбірінде қалдыруға болады.

Аталған тоғайларда ерікті-іріктеп кесуді жүргізу кезінде ағаштың жуандығы 0,5 - тен кем төмендемейді.

Осыдан кейінгі кесу жұмысы жуандығы 0,6 және одан көп деңгейге жеткенде немесе алғашқы қабатындағы жуандығы 0,3 және одан жоғары күрделі ағаштар қалыптасқанда және жас шыбықтардың екінші қабаттағы жуандығы кемінде - 0,4 орташа жастағыларынікі - 0,3 болғанда жүргізіледі.

37. Біртіндеп, екі-үш кезекті кесу әдісі ереженің 26-тармағына сәйкес (4-кесте) жуандығы 0,8-1,0 таза, аралас бірыңғай жастағы құрғақ, жас және дымқыл қарағайларда жүргізіледі.

Алғашқы жуандығы - 0,6-0,7 ағаштарда екі кезекті біртіндеп кесу атқарылады.

38. Белдеулі-біртіндеп кесу тәжірибе ретінде ағаштар тығыз өскен бөліктерде кесу салдарынан қалпы бұзылмаған құрғақ қарағайлы ормандардағы жуандығы 0,5-0,7 бірыңғай жастағы таза, аралас ағаштарда Ереженің 29-тармағына сәйкес алаңдар бойынша ағаштар мен жас шыбықтарды біркелкі орналастыруға қатысты қарағайлардың қанағаттанарлық өсіп-жетілуі барысында жүзеге асырылады.

39. Жаппай кесу қарағайлардың жас шыбықтарының болуына қарамастан жуандығы 0,3-0,5 таза және аралас түрлі жастағы

Ұзына бойы созылған қарағайлы тоғайларда ағашты
басты мақсатқа пайдалану үшін кесу

Кесілген ағаштардың сипаттамасы	кесу	Кесуге	Қор бойынша іріктеп алу	
	тәсілі	дейінгі	іріктеп алу	
		жалпы		
		жуандығы	жуандығы	іріктеп
			кезінде	алу, %
1	2	3	4	5
Жуандығы 0,6 және одан да жоғары жас шыбықтарының болуына қарамастан, таза және қарапайым, әртүрлі жастағы (3 және 4 күрделі ағаштар жуандығы көрсетілген)	ЕІК	0,6-1,0	0,8-1,0 0,7 0,6	25 20 15
Таза, аралас, бірыңғай жастағылары	БК	0,6-1,0	0,6-1,0	
Жас шыбықтарының болуына қарамастан	БК-1	0,8-1,0	0,8-1,0	20-30
Өсіп жетілуі қанағаттанарлық	БК-2	0,6-0,7	0,6-0,7	20-30
Қарағайлары жақсы өсіп-жетілген	БК-3	0,3-0,5	0,3-0,5	100
Қарағайларының өсіп-жетілуі қанағаттанарлық, аралас біркелкі	ББК	0,5-0,7	0,5-0,7	0,5-0,7
С о н ы ң і ш і н д е :				
ені 15-20 м жаппай кесу белдеуі		0,5-0,7	0,5-0,7	100
ені 30-40 м біртіндеп кесу белдеуі		0,5-0,7	0,5-0,7	20-30
Жас шыбықтарының болуына қарамастан, таза және жастағылары, нашар және қарағайларының өсуі		0,3-0,5	0,3-0,5	100
жанау және қанағаттанарлық				

жуандығы 0,3-0,5 таза, аралас
 біркелкі жастағылары

Қайталанылуы, алқаптың жанасу мерзімі, жыл	Алқаптың ең үлкен көлемі, га	Ескерту
--	--	-------------

6 7 8

10 алу	25 проценті	Күрделі ағаштардағы іріктеп екі қабаттың жиынтық қорынан көзделеді
-----------	----------------	--

5
10-12

Жас шыбықтар жеткіліксіз болған жағдайда, кесумен бір мерзімде табиғи түлеп өсуге жәрдем көрсетіледі
 Жас шыбықтар аз болған кезде Ереженің 39-тармағына сәйкес жаппай кесу жүргізіледі
 10 Тек қана құрғақ жердегі ормандар түрінде Жақсы өсіп-жетілуі болмаған жағдайда екі белдеуде кесу мерзімі кейінге қалдырылады немесе орман дақылдары

егіледі

7 - 1 0

5-тен Түрлі жастағы ағаштардан тек кем өсіп-жетілгендері мен мерзімі емес асқандары кесіледі. Жеткілікті өсіп-жетілуі немесе жанасатын алқапқа орман дақылдары болмағанда одан ары алқаптық кесуге жол берілмейді. Алқапты үшінші және одан арғы кесуге орман дақылдары жерлерін ағаш

немесе алғашқы алқапқа табиғи жас шыбықтарды отырғызуға бергеннен кейін рұқсат етіледі

Ескерту. ЕІК - ерікті іріктеп кесу. БК - біртіндеп кесу. ББК - белдеулі біртіндеп кесу. ЖК - жаппай кесу.

5 Кесте

Аралды қарағайлы ормандарда басты мақсатта пайдалану үшін кесу

Кесілетін ағаштардың сипаттамасы	Кесу тәсілі	Кесуге дейінгі жалпы жуандығы	Қор бойынша іріктеп алу жуандығы кезінде	Қор бойынша іріктеп алу, %
1	2	3	4	5
Жас шыбықтарының болуына қарамастан, қарапайым таза, аралас бірыңғай жастағылары	ЕІК	0,6-1,0 және	0,8-1,0 0,6-0,7 түрлі	25-30 15-20
Қарағайдың екінші қабатымен қоса күрделі, таза, аралас ағаштар (3 және 4 кестеде қабат жуандығының жиынтығы көрсетілген)	ЕІК	0,6-1,0	0,8-1,0 0,7 0,6	25 20 15
Қарапайым, таза, аралас біркелкі және жастағылары		БК	0,6-1,0 түрлі	
Шыбықтарының болуына қарамастан	БК-1	0,8-1,0	0,8-1,0	25-35
Қарағайлары қанағаттанарлықтай өсіп-жетілген	БК-2	0,6-1,0	0,6-0,7	20-40
Қарағайлары жақсы өсіп-жетілген	БК-3	0,6-1,0	0,3-0,5	100
Қарағайдың екінші қабатымен қоса күрделі, таза және аралас ағаштар (4 және 5 кестеде)	БК-1	0,5-	0,5- одан көп	30-40 одан көп
			бірінші	

қ а б а т	ж у а н д ы ғ ы			
көрсетілген)	БК-2	0,3-0,4	0,3-0,4	100
Жас шыбықтарының болуына	ЖК	0,3-0,5	0,3-0,5	100
қарамастан,	қарапайым		таза	
және	аралас		біркелкі,	
әртүрлі	жастағылары			

Қайталануы,		Алқаптың ең		Ескерту
алқаптың жанасу		үлкен көлемі,		
мерзімі, жыл			га	

6	7	8
---	---	---

20	25	Орманның тек құрғақ түрінде
20	25	Орманның тек құрғақ түрінде, іріктеу проценті қабат қоры жиынтығынан көзделеді. Екінші қабатының жуандығы 0,4 одан көп жағдайда біріншіден оның қорының 50%-ке дейіні іріктеледі, ал жуандығы 0,3 болғанда- 30%-і.
10-12	10	Орманның тек жас және ылғал түрі. Шыбықтары жеткіліксіз болса, кесумен бір мезгілде табиғи өсуге көмектесу шарасы жүргізіледі.
8-10	10	Шыбықтары аз болса, орман дақылдары егіледі. Екінші қабат жуандығы 0,3-0,4 және бірінші қабатты кесуден кейін өсіп-жетілу жеткіліксіз болғанда ішінара қарағай дақылы егіледі.
10	5	Орманның барлық түрі. Қарағай шыбықтарының жеткіліксіз жағдайында орман дақылдары егіледі.
3		

Ескерту. 1. ЕІК - ерікті іріктеп кесу. БК - біртіндеп кесу

(1,2,3 кезекпен), ЖК -жаппай кесу.

2. Құр. - құрғақ, Жас - жас, ыл.- ылғалды қарағайлар.

3. 3 кестенің барлық жолына кесудің барлық түріне (кезегіне) дейінгі ағаштардың жуандығы көрсетілген.

4. Біртіндеп кесудің соңғы кезегінде (БК-3) және түрлі жастағы қарағайлы тоғайда жаппай кесу (ЖК) кезінде тек орманның өсіп-жетілген және одан асқан

ағаштарының жиынтығы кесіледі.

қарағайлы орманда, сондай-ақ кескеннен кейінгі алғашқы екі жылда орман дақылдарын (жаппай және ішінара) отырғызу кезінде қарағай нашар, қанағаттанғысыз өсіп-жетілген жуандығы 0,3-0,5 таза әрі аралас біркелкі жастағы қарағайлы ормандарда жүзеге асырылады.

Әртүрлі жастағы ағаштарда жаппай кесу жүргізген кезде орманның тек өсіп-жетілген және өсіп-жетілуден асқан ағаштарын жинауға рұқсат етіледі.

Ағаш кесу алқабының ені 25 м, ұзындығы бөліктің созылуына байланысты анықталады; олардың жанасуы тікелей жанасу мерзімінен 5 жылдан кем болмауға тиіс. Бөліктерде әрбір 100 метр сайын белгі салуға рұқсат етіледі. Алқап ұзын жағымен шығыстан батысқа қарай, кесу бағыты - солтүстіктен оңтүстікке қарай қалыптасады (4-кесте). Жанасатын алқапта жеткілікті өсіп жетілмеген немесе орман дақылдары болмаған жағдайда келесі алқапты одан әрі кесуге болмайды. Үшінші және одан әрі алқаптық кесуге бірінші алқапта орман дақылдары немесе табиғи жас шыбықтарды жерге ағаштар отырғызуға бергеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

40. Ұзына бойы созылған тоғайлардың, қайыңды және көктеректі ормандарында ағашты басты мақсатта пайдалану үшін кесу Қазақтың шағын адырлы жапырақты ормандары үшін көзделген нормативтер мен технологияларға сәйкес жүргізіледі.

Аралды қарағайлы ормандардағы ағаш кесу

41. Аралды қарағайлы ормандарда құрғақ, жас және дымқыл топтардағы ағаштарды ерікті-іріктеп, біртіндеп және жаппай алқаптық кесу жүргізіледі (кесте).

42. Ерікті-іріктеп кесу жуандығы 0,6-1,0 жердің құрғақ жағдайында өсіп-жетілетін қарапайым күрделі, таза және біркелкі, түрлі жастағы қарағайлы ағаштарда жүргізіледі.

Жуандығы 0,8-1,0 өсіп тұрған ағаштарда іріктеу қарқыны қордың 25 процентін, жуандықтың 0,6-0,7 - 15-20 процентін құрайды. Ерікті-іріктеп кесу жүргізілген жағдайда ағаштардың жуандығы 0,5-тен кемімейді.

Кесудің бұдан кейінгі кезегі өсіп тұрған қарапайым ағаштардың жуандығы 0,6 және одан жоғары немесе бірінші қабатының жуандығы 0,3 және одан

жоғары күрделі ағаштардың қалыптасуы, екінші қабатында жас ағаштар үшін жуандығы кемінде 0,4 орташа жастағыларынікі 0,3 болуы жағдайында жүргізіледі.

Күрделі ағаштарда ерікті-іріктеп кесу өсіп-толысқандарын кесу жолымен атқарылады. Екінші қабаттың жуандығы 0,4 және одан асқанда оның бірінші қабаты қорының 50 процентіне дейіні, ал жуандығы 0,3 болса, онда 30 проценті іріктеп алынуы мүмкін.

43. Біртіндеп кесу қарапайым, күрделі, таза және біркелкі және аралас түрлі жастағы жас және ылғалды қарағайлы ормандарда белгіленеді.

Жуандығы 0,8-1,0 ағаштардағы кесу бірінші кезекте қордың 25-35 процентін іріктеп алу жолымен үш кезектен орындалады. Өсіп тұрған ағаштардың жуандығы 0,6-0,7 дейін төмендейді.

Кесудің екінші кезегі 10-12 жылдан кейін қарағай аясында оның өсіп-жетілуі қанағаттанарлықтай болғанда жүзеге асырылады. Кесудің қарқыны - 20-40 проценті мұның өзі өсіп-жетілудің ойдағыдай болуына тікелей байланысты. Шыбықтар сан жағынан жеткіліксіз болғанда екінші кезек табиғи өсіп-жетілуге жәрдемдесу шараларын міндетті түрде жүргізе отырып осы мерзімде белгіленеді.

Кесудің соңғы кезегі қарағайдың өсіп-жетілуі жақсы болған жағдайда 8-10 жылдан соң жүргізіледі (2 қосымша). Егер шыбықтары жеткіліксіз болса, онда аталған мерзімде өсіп-жетілген қалған ағаштар кесіп алынады және алқапта кесуден кейінгі алғашқы екі жылда қарағай дақылдары егіледі.

Алғашқы жуандығы 0,6-0,7 ағаштарда кесудің екі кезегі жоғарыда аталған схема бойынша, бірінші кезекте қордың 20- 40%-ін іріктеп алу жолымен атқарылады.

Күрделі таза және аралас қарағайлы ағаштарда кесу өсіп-жетілген қабаттағы ағаштар жуандығы 0,4 және одан асқанда екі кезекпен жүргізіледі: біріншіде қордың 30-40 %-і, 10 жылдан соң өсіп-жетілген қалған ағаштар түгел кесіп алынады. Бірінші қабаттың жуандығы 0,3 болғанда іріктеп кесу бір кезекте орындалады.

Екінші қабаттағы жуандығы 0,3-0,4 болғанда және жас шыбықтары сан жағынан жеткіліксіз болса, өсіп-жетілген қабатты кескен соң алғашқы екі жылда ішінара қарағай дақылдары егіледі.

44. Қарапайым таза және аралас біркелкі және түрлі жастағы ағаштарды өскен жерінің барлық жағдайында жуандығы 0,3-0,5 болғанда жаппай алқаптық кесу белгіленеді.

Алқаптың ені 50 м, ұзындығы 1000 м, көлемі 5 га дейін. Кесу жылын қоспағанда алқаптың тікелей жанасуы 5 жыл. Алқаптың бағыты - жел қатты соғатын жаққа тіке, кесу бағыты - жел қатты соғатын жаққа қарама-қарсы.

Көлемі 1x1 шаршыда 4-5 мәрте кесуге жол беріледі.

Қарағайдың өсіп-жетілуі жеткіліксіз ағаштарда кесу жұмысы алғашқы екі жылда қарағай дақылдарын еге отырып жүргізіледі.

45. Аралды қарағайлы ормандарда жапырақты ағаштарда ағашты басты мақсатта пайдалану үшін кесу Қазақтың шағын адырлы жапырақты ормандары үшін көзделген нормативтер мен технологияға сәйкес жүргізіледі.

Шөлейттегі ормандарда ағаш кесу

Шөлейттегі сексеуілді ормандарда ағаш кесу

46. Сексеуілді ормандардың экологиялық және шаруашылық жағынан ерекше зор маңызы бар. Сексеуілдерді табиғи және жасанды жолмен қалпына келтіру ө т е қ и ы н .

47. Топырақтың жел эрозиясына (саздақ, сазды, тақырлау) шыдамды болып өскен таза және аралас (ақ сексеуілді қоса 4 бірлікке дейін) қара сексеуіл ағаштарында, қара және ақ сексеуілді жинай отырып жаппай кесу жүргізіледі.

Алқаптың ені - 100 м. Жанасу тәсілі - аттамалы түрде. Алқаптық ағаш кесу жел қатты соғатын жаққа тікелей қалыптасады. Кесу бағыты - қатты жел өтіне карама-қарсы. Қалдырылған жолақтарды кесу бұрын ағашы кесілген алқаптың бір гектарында 500 данадан астам сексеуілдің 3-5 жылдық жас шыбықтары болғанда немесе жерге ағаш отырғызуға оларды көшіруді қамтамасыз ететіндей сандық нормативтік көрсеткіші болған жағдайда орман дақылдарын еккеннен кейін 3-4 жылдан соң белгіленеді.

Ағашы кесілген жерде өсіп-жетілуі қанағаттанғысыз жағдайда кесуден кейінгі қалған жолақта 2-3 жылдан соң орман дақылдарын егу көзделеді.

Сексеуілді кесу мерзімі - қараша-наурыз айлары. Кесілген жерді жасанды түрде қалпына келтіру барысында көктемгі кезеңде сексеуіл кесуге рұқсат етіледі .

Жазық жерлердегі қайыңды ормандардың оңтүстік шетінде ағаш кесу

48. Жазық жерлердегі шоқ қайыңды ормандардың оңтүстік шетінде (1-қосымша) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу көзделмейді. Оларда өсіп тұрған ағаштардың бүкіл кезеңінде күтіп-баптау және санитарлық мақсаттағы кему жүргізіледі. Ал жаппай санитарлық кесу алқаптарында кесуден кейін бір жылдан соң орман дақылдары егіледі.

Интрааймақтық ормандарда ағаш кесу

Су жайылмалы ормандарда ағаш кесу

49. Су жайылмалы ормандарда қорғаныш категориясына сәйкес алқаптың көлемі бойынша түрлі нормативтерімен (6-кесте) белдеулі-біртіндеп және тар алқаптық жаппай кесу белгіленеді.

50. Қорғаныш категориясында - өзендер, көлдер, су қоймалары мен басқа су

объектілерінің жағалары бойынша ормандардың тыйым салынған белдеулері:

1) Барлық ағаш тұқымының жапырақты алқаптарында (құрамында 3 бірлікке дейін емен бар еменді және теректі орманнан басқа) тар алқаптық жаппай кесу жүргізіледі ;

6 К е с т е

Су жайылмалы ормандарда ағашты басты мақсатта
пайдалану үшін кесу

Кесілетін ағаштардың сипаттамасы	Секциялар. дағы белдеу, N	Кесуге дейінгі жалпы жуандығы	 жуандығы жуандығы кезінде	Қор бойынша іріктеп алу ----- іріктеу, %
1	2	3	4	5

Қорғаныш категориясы - өзендердің, көлдердің, су қоймаларының және басқа су объектілерінің жағалары бойындағы ормандардың тыйым салынған белдеулері

Еменді орман, таза, аралас, біркелкі және түрлі жастағы емендер*	1	ББК 0,3-1,0	0,3-1,0	0,3-1,0 100
	2	0,3-1,0	0,6-1,0	15-50 100
	3	0,3-1,0	0,6-1,0	15-50 100
Құрамында 3 бірлікке дейінгі теректер және жапырақты	ЖК емені	0,3-1,0 бар	0,3-1,0	100
Таза, аралас біркелкі және түрлі жастағы ағаштар	ЖК	0,3-1,0	0,3-1,0	100
				Өзендердің, көлдердің, су қоймаларының және басқа су объектілерінің жағаларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулері шегінен тысқары қорғаныш категориясы
Таза, аралас біркелкі және түрлі жастағы	ЖК	0,3-1,0	0,3-1,0	100

жапырақты

ағаштар

Талды тоғайлардағы кесу жұмысы
Талдар ЖК 0,3-1,0 0,3-1,0 100

Кезектің қайталануы, жыл	Жанасу мерзімі, жыл	Алқаптың көлемі ені, метр	Алқаптың ұзындығы, метр	Ескерту үлкен көлемі, га
6	7	8	9	10

5	5	15-20	500	1,0	Жуандығы 0,5-ке дейінгілері бірінші белдеудегі ағаштарды кесумен бір мезгілде жүргізіледі.		
5	5				Жуандығы 0,5-ке дейінгілері 2 белдеудегі ағаштарды кесумен бір мезгілде жүргізіледі.		
5	5	2	25	500	1,25	Емен кесілмейді. Кесу жұмысы 2-3 алқаптан тұратын секциялар бойынша жүзеге асырылады.	
		2	50	500	2,5	Кесу жұмысы 2-3 алқаптан тұратын секциялар бойынша жүргізіледі.	
		2		50		500	5
		5		50		500	2,5

Ескерту. ББК-белдеулі біртіндеп кесу, ЖК-жаппай кесу.

* Басқа қорғаныштық категориясында кесу аталған технология бойынша жүргізіледі.

бір гектардан астам алаңның барлық бөліктері 3-2, ені - 50 м, ұзындығы 500 м дейінгі алқаптық топтарға бөлінеді, олар өзен ағысына қарама-қарсы орналасу тәртібіне қарай нөмірленеді. Осы топтар бұдан кейін 2-3 кезекпен кесуге

б е л г і л е н е д і (5 с у р е т) .

Әрбір алқаптың көлемі 2,5 га артық болмауға тиіс. Жанасу, әдеттегідей, ықтырмалы (екі алқаптан кейін), бөліктің ені 100 м кем болғанда - аттамалы (бір алқаптан кейін). Жанасу мерзімі - 2 жыл. Көлемі 1 га және одан кем таксациялық бөлікті, олардың орналасуына қарамастан, түгел кесу көзделеді. Өзен арнасының бойына орналасқан бөліктің ені кемі 50 м болғанда алқап көлемі өте шағын болуы мүмкін, мұның өзі кейіннен орманды қалпына келтіру, орман шаруашылық жұмыстарын әзірлеу мен жүргізуді қиындатады. Мұндай жағдайда алқаптың ұзын қанаты (200 м аспайтын) өзен бойына орналасуы мүмкін, ал оның көлемі бір гектардан артпауға тиіс (6 сурет).

2) Еменді ормандарда белдеулі біртіндеп бір және екінші кезекте кесу (ағаштардың алғашқы жуандығына сәйкес) жүргізіледі. Кесуге бөлінген учаскелер ені 15-20 метрлік үш алқаптан (белдеуден) секцияларға бөлінеді. Олар өзен ағысының бағытына қарамастан шығыстан батысқа қарай бағытталады. Алқаптың ұзындығы бөліктер шекарасымен, бірақ 500 метрден астам, анықталады. Кесудің бағыты - солтүстіктен оңтүстікке қарай.

Секциялардағы бірінші белдеулер тобы, ағаштардың жуандығына және еменнің жас шыбықтарының болуына қарамастан түгел кесіледі. Сонымен бір мезгілде жапсарлас топта екінші белдеудің аралас тобындағы ағаштар жуандығы 0,6 және одан жоғары болса, жуандығы 0,5 дейін кесу жүргізіледі.

Жуандығы 0,3-0,5 екінші белдеу тобы ағашы кесілген жерде өсіп-жетілуі қанағаттанарлық болғанда немесе жолақтың бірінші белдеуінде ормандық емен дақылын егу барысында 5 жылдан соң түгел кесіп алынады. Сонымен бір мезгілде белдеудің үшінші тобында ағаш жуандығы 0,5 дейін болғанда кесіледі. Олар орманды қалпына келтіру жөніндегі осындай талаптарды сақтау барысында жолақтың бірінші тобында ағаштарды алғашқы кесуден соң 10 жылдан кейін к е с і л е д і (7 - с у р е т) .

3) Құрамында 3 бірлікке дейін емені бар теректі ағаштарда тар қанатты алқаптық жаппай кесу жүргізіледі, Кесуге бөлінген бөліктер әрқайсысының ені 25 м 3 алқаптағы секцияларға бөлінеді. Барлық емен ағаштары, санитарлық жәй-күйіне қарай жиналатынынан басқалары, сақталады. Алқаптың бағыты мен оны к е с у 5 0 - 2 т а р м а қ т а ғ ы д а й .

Алқаптың екінші, сонан соң үшінші тобын кесу өсіп-жетілу қанағаттанарлық болғанда (басқа жапырақты тұқымдар шыбықтарының өсуін ескере отырып) екі жылдан кейін жүргізіледі. Өсіп-жетілу жеткіліксіз күйде болғанда еменнің орман да қ ы л д а р ы о т ы р ғ ы з ы л а д ы .

Еменнің тұқымдығының өсуіне, оның санына қарамастан міндетті түрде күту (ж а р ы қ) жү р г і з і л е д і .

51. Өзендер, көлдер, су қоймалары және басқа субъектілерінің

жағаларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулерінен тысқары су жайылмалы ормандарда және Ереженің 6-тармағында көрсетілген басқа қорғаныш категорияларына жатпайтын теректік, үйеңкілік, қарағаштық және басқа жапырақты ағаштарда (құрамында 3 бірлікке дейін емені бар емен және терек ағаштарынан басқа) ені 50 метрден аспайтын алқаптық жаппай кесу жүргізіледі. Алқаптың ұзындығы бөліктің ұзындығымен анықталады, ең көп көлемі - 5 га. Алқаптың жанасуы, ағашты кесу жылын есептемегенде тікелей 2 жылдан соң. Көлемі 2 гектардан кем орын учаскелерінің ағашы толық кесіледі.

Мөлшері 1x1 шаршыларда 3-4 мәрте шабуға рұқсат етіледі. Отау арасында қалдырылған орман белдеуінің ені 200 м кем болмауға тиіс.

Құрамында 3 бірлікке дейін емені бар еменді, теректі ағаштарда 50-2 және 50-3 тармақта баяндалған технология бойынша кесу жүргізіледі.

52. Құрамында 3 бірлікке дейінгі емені бар емендер мен теректерден басқа, барлық ағаштар үшін алқаптардың бағыты су ағысының басты жолына тікелей; ал кесу бағыты - ағысқа қарсы болады.

53. Құрамында 3 бірлікке дейін емені бар еменді ормандар мен басқа ағаштарды қоспағанда, жапырақты ағаштардағы шыбықтардың барынша өсіп-жетілуін қамтамасыз ету мақсатында кесу жұмысы қыркүйектен мамырдың басына дейін жүргізіледі. Жазғы кезеңде өсу қабілетін жойған ағаштарға кесу жүргізілуі мүмкін. Бұтақты ағаштарды кесу қар суы кеткен соң жаз кезеңде тамызға дейін жүргізіледі. Құрамында 3 бірлікке дейін емені бар, қалың тоғайда және басқа ағаштарда тұқымдық шыбықтарды барынша көп сақтау мақсатымен кесу жұмысы қар толық түскен соң және қар кеткенге дейін жүргізіледі.

54. Табиғи барлық аймақтардың су жайылмалы аңғарларына орналасқан және Ереженің 6-тармағына сәйкес қорғаныш категориясына жатпайтын талдарда 2 жылдық жанасу мерзімімен ені 50 метрге дейінгі жаппай алқаптық кесу жүргізіледі. Отаудың саны 1 шақырым аймақта 5-4. Кесу жұмысы қар суының тасқыны басылған соң жаз кезеңінде орындалады.

Тоғайлы ормандарда ағаш кесу

55. Тоғайлы ормандар республиканың оңтүстік шөлейт аймақтарындағы су жайылмалы өзен аңғарларында өседі, олар аса маңызды экологиялық-гидрологиялық қызмет атқарады, аңшылық дүниесінің аса жоғарылығымен, аздау жапырақты ағаш тұқымдары бар бұталардың кең таралуымен сипатталады.

56. Талды алқаптарда (Жоңғар және Вильгельм ешкі талдары), Ереженің 6-тармағында көрсетілген қорғаныштық категориялардан басқа, ені 25 м аспайтын алқапта аттамалы жолақтары 3-4 жылдан соң жанасатын тар қанатты жаппай кесу атқарылады. Қалдырылған белдеулерде ағашты кесу аралас алқапта ағаштың өсіп жетілуі қанағаттанарлық болғанда немесе отырғызылған орман

дақылдары алқапты орман өсетін жерге айналдырудың нормативтік талаптарына сай келгенде жүзеге асырылады.

Ағашты кесу мерзімі - қыс немесе ерте көктем. Өйткені, осы кезеңде жүргізілген кесу жұмысы жас шыбықтардың түлеп өсуіне барынша қолайлы.

57. Талды алқапта (Ереженің 6-тармағында көрсетілген қорғаныштық категориядан басқа) алқаптың ені 25 метр мөлшерінде жаппай алқаптық кесу жүргізіледі. Бір жылдық алқаптың аралық қашықтығы - 50 м, тікелей жанасу мерзімі - 2 жыл.

Кесу кезеңі - жаз кезеңінде қар суының тасуы басылғаннан кейін.

58. Тоғайлы ормандарда ағашты кесудің бағыты алқаптың ұзын қанатымен өзен арнасына тіке орналаса отырып өзеннің ағысына қарама-қарсы белгіленеді.

Алқаптық жұмыстарды жүргізуге қойылатын экологиялық-орман жүргізу талаптары

59. Ағаш дайындаушылар ағашты дайындау және тасу кезінде өскінді, жас шыбықтарды және ағаштың қалдыруға тиісті бөлігін, топырақты эрозиядан қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

60. Ағаш дайындау процесіне топырақты көп бүлдірмейтін машиналар мен механизмдер тракторлар, энергетикалық модулдар, доңғалақты ағаш дайындау (харвестерлерді, форвадерлерді) техникасын қолдану қажет. Қар жоқ кезеңде топыраққа үлесті салмақ түсіруі 0,4-0,5 кг шаршы. см. аспайтын сүйрегіш тракторларды пайдалану керек.

61. Әрбір алқапта әзірлік жұмысын жүргізуге және оны нақты түрде бөлуге дейін осы Ережеге сәйкес технологиялық карта жасалады. Онда мыналар көрсетіледі: ағашты кесу тәсілі, оны тасу, ағашы кесілген жерді, жоғары қоймалар мен тиеу алаңдарын тазарту, магистралды және тасу алқабы жолдарының орналасуы, шыбықтары сақталуы қажет алаң, ағаштары өсіп-жетілмеген ағаш топтары мен гүл өсетін топырақ, сондай-ақ топырақты эрозиядан қорғау жөніндегі талаптар, ағаштарды, құмырсқа илеуі бар, кесуге болмайтын жас талдар мен шыбықтарды сақтау.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына және басқа кішігірім ағаш дайындаушыларға берілетін алқапты әзірлеуге арналған технологиялық карталарды орман шаруашылығының кәсіпорындары жасайды, ал мамандандырылған ағаш дайындаушы кәсіпорындарға берілетін алқаптар үшін алқапты бір мезгілде бөліп бере отырып ағаш дайындаушылар жасайды.

Технологиялық картаны орман шаруашылығының өндірістік кәсіпорындары бекітеді. Ағаш кесу билеті бекітілген технологиялық картасы қолында болған жағдайда беріледі, ол ағаш кесу билетіне қосылады.

62. Алқаптарды кесуге технологиялық карталарда көрсетілген нақты түрде алаңшаларды сүйреу, тиеу алаңын, бөлген соң, қауіпті ағаштарды жинап алу

және технологиялық карталарда көрсетілген басқа да жұмыстарды орындаған
с о ң р ұ қ с а т е т і л е д і .

Сүйреп шығару алқабын әзірлеу, тиеу алаңын жайластыру барысында топырақты, жас шыбықтарды және барынша қорғауды, кесуге болмайтын ағаштарды барынша сақтауды қамтамасыз етуге тиіс.

63. Магистралды сүйреп шығару ені - 5 м, дөңесті жерде бұл 7 м ұлғайтылады . Тасу алқабының ені 4 м дейін белгіленеді. Ал ұзындығы жазық жер жағдайында - 200 м, таулы өңірде - 150 м артпауға тиіс.

Ағаш сүйрейтін жол салғанда ол жерден ірі тастарды, шырпыларды жинап алады; бұталар мен жас шыбықтар оталады: ағаштар, түбірлер, томарлар жер бетімен бірдей етіп тегістеле кесіледі; олар жабылып, су жүретін жыралар жасалады; тік қия дөңесті жерлерде 25-30 метрден кейін, құлама беткейлерде олардың бір-бірінен қашықтығы 80-100 метрге дейін жеткізіледі.

Ағашты кесу кезінде тастақ, құмдақ топырақты және көлбеулігі 10 градустан асатын қия беткейлер арқылы өтетін жолдар кесілген ағаш қалдықтарымен нығайтылады. Қия беткейлерде сүйрелетін ағаштар жолдан сырғанап, құлап кетпеуі үшін әрі қия беткейлердегі өскіндерді бүлдірмей, айналып өтетін бұрылыстарға қада қағылып, қауіптілік жойылады. Бұлар кесуге ағаштар қатарынан іріктеліп, алқаптың кесу жұмыстары аяқталған соң жинап алынады.

Қия беткейге кесе-көлденең қойылған белгілер бағытына қарай ағаш тасу жолдары оған қатарластырыла тартылады немесе тік беткейде көлбеулігі 5 градусқа дейін негізгі ағаш тасу жолына көлбеулігі 30-40 градус деңгейінде келіп жанасады. Олар биік дөңес жерлерде қияны азайту мақсатымен серпантинді жүйемен тартылады. Шынжыр табанды тракторлар үшін жолдың ылдильығы - қыста, жауынды кездерде жазда көлбеулігі 15 градустан артпауға тиіс; жаздың құрғақ кезінде - 25 градустан артпайды. Доңғалақты тракторларды өрдің биіктігі 7 градустан, жазғы құрғақ кездерде жолдың ылдильығы 17 градустан, қыста және жазғы құрғақ кездерде 13 градустан артпайтын жағдайда пайдалану ұсынылады.

Ағашты біртіндеп және іріктеп кесу жағдайында тасу жолдарын кейінгі ағаш кесу кезінде де пайдалануға болатындай етіп салған дұрыс.

Ағаш сүйреп шығаратын соқпақтарда тұрақты және уақытша су жүретін арналардың бойында, сондай-ақ қорғалатын учаскелер шегінде ағаш тартатын жол салуға рұқсат етілмейді.

Ағаш сүйрейтін жолдың көлемі алқап алаңының 15 %-нен аспайтындай болуға тиіс .

64. Жоғары қоймалары мен тиеу алаңдары бар көлемі 10 гектардан кем алқаптар үшін алқап көлемі 4 проценттен, ал 10 гектардан асса - 2 процентінен артпауға тиіс. Алаңдарды орналастыру үшін, әдеттегідей бос жерлерді, орман жолдарын, ағаштан бос басқа да жерлер пайдаланылады. Қоймалар мен

алаңдарды ерекше қорғалатын учаскелерге орналастыруға жол берілмейді.

65. Технологиялық тәртіпті сақтау, ауытқу бағытын қамтамасыз ету, өскіндерді, топырақтың орман өсірудегі қасиетін сақтау үшін алқапты шағын алаңдарға бөледі. Тегіс жерлерде олар белгілі бір нысана бойынша белгіленеді. Су жырып кеткен сай-жыралардағы учаскелерді алқаптың шекарасы оларға белгіленген енін сақтай отырып, қисық жүргізілуі де мүмкін.

66. Шыбықтар біркелкі орналастырылған жағдайда алқапты ені ағаштың бір жарым биіктігінен аспайтын бөліктерге бөлу керек (8-сурет). Олардың әрқайсысының ортасынан ағаш тасу жолдары тартылады, оның бел ортасына қатарластыра ағаштың басы тиеу және сүйреп тасу бағытына қарай кесіліп құлатылады. Сонан соң жанындағы бөліктерден кесуге арналған ағаштар бас жағымен ағаш тасу жолына 30-45 градус бұрыштай, соның өзінде осы жолға таяу жердегілері қырымен құлатылады. Бұл орайда ағаштың басы жолға қарай құлатылуына тырысу керек. Ағаштарды құлату кезінде өскіндер мен жас шыбықтардың, әсіресе құлама жерде орналасуына назар аударылады. Тракторлардың жүруі мен айналуы ағаш сүйреу жолдарымен, тиеу алаңдарымен ғана жүзеге асырылады. Ағашты топтап тиеу кезінде трактор жолдан шықпауға тиіс; сүректер жолға шынжыр арқан арқылы сүйреледі. Ағаштарды алаңшылар ішінде дөңгелете айналдыруға болмайды.

Ағашты сүйреу өрімталдарда немесе түрлі ағаштарда жүргізіледі. Жас шыбықтар бұтақтары біркелкі кесіп сүйреп шығарылады. Ағашты тамырынан сүйреп шығару жолға қарай қарама-қарсы орналасқан және белгіленген тәртіпті бұзып құлатылған ағаштарда ғана рұқсат етіледі. Мұндай ағаштарды жинастыру алқаптағы ағаштарды сүйреп шығарған соң жүргізіледі; трактор алқаптың ең шетіне кіріп, қоймаға қарай жылжи отырып оларды жинап әкеледі.

67. Өскіндер құламалы жерде орналасқанда алқап ені 80-100 метр, біртіндеп және іріктеп кесу кезінде алаңшаларға бөлінеді, жаппай кескенде алқап ені шегінде бөлінеді. Тасу алқабы ағаш кесу жұмыстары кезінде оның өскіндері мен жас шыбықтар топтары бүлінбейтіндей орналасуы керек. (9-сурет).

Әрбір алаңшаның төменгі бөлігінде ағаш материалдарын тиейтін алаңдар әзірленеді. Ағаш кесетін алаңшаларды одан әрі дайындау өскіндер мен жас шыбықтар егілген топырақтан ағаштарды бір шетке қарай құлата отырып Ереженің 66-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

68. Өскіндер сақталмайтын алқапты әзірлеу схемасы жас шыбықтарды бас жағынан сүйреп шығару әдісі шағын алқаптардағы әдіске ұқсас (66-тармақ). Осындай жағдайда алаңшалардың ені 30-45 (50) метр, ағаштар жолға 45-60 градус көлбеулікпен құлатылады. Алаңшаларды әзірлеуді жеңілдету үшін олардың ені 8-10 м жолақтарға бөледі: бірінші алқапқа сүйрейтін жол салу, ал оларды құлату және тасу аяқталған соң сүйреу жолының қарсы бетіне салу одан

әрі жүргізіледі. Сонан соң алаңша ортасына таспа жол салу одан әрі жүзеге асырылады.

69. Ағашы кесілген орман дақылдары егілетін алқаптарда, сондай-ақ тамыр атпалары арқылы қайта қалпына келтірілетін кесілген көктеректі жерде құлатылған ағаштар түпкі жағынан сүйреп шығарылады, бұл жұмысты ағаш таситын жолға қатарластыра салынған жолмен атқарады. Ені 5 м жол алқаптың ұзын қанаты жағынан тартылады, сонан соң ені 6-8 метр қанаттас жолақтарда ағаштарды бас жағымен ағаш тасу жолына құлатады, ал келесі жолақтарда бас жағымен ағашы кесілген жерге құлатылады. (10-сурет). Ағаштар жолға бұрышымен 45-60 градус деңгейінде құлатылады. Таспалы жолдар негізгі жол біртіндеп алыстаған сайын тартыла береді. Әрбір таспалы жол орман қабырғасынан басталады. Кейін орман қабырғасы ағаш кесу жолынан 50-60 метр қашықтаған соң қажетінше трактор (алаң бойынша шоқ ағаштарды кесу кезінде, Ереженің 21-тармағы) келесі жолды салады. Ағаш бумаларын трактормен алаңшалардағы таспалы жолдарға шығарады, ал сонан соң оларды құрастырып трактор ағаш таситын жолға шығады.

70. Кесудің әрбір кезегін аяқтаған соң алқапта кесуге жатпайтын ағаштар қалуы тиіс. Бүлінген ағаштардың саны (жоғары жағы омырылған, қабығы сыдырылған, жалаңаштанған, діңі мен түбірі терең жарылған) қия беткей көлбеулігінің 10 градусқа дейінгі учаскелерінде 8 проценттен, ал үлкен қия беткейлерде кесілмей қалдырылғаны ағаштардың санының 12 процентінен артпауға тиіс. Бұл ағаштар біртіндеп және іріктеп кесу үшін Ережеде белгіленген іріктеп алынған ағаштарды кесудің жалпы қарқынына қосылады.

71. Бүкіл ағаш кесу жұмыстары аяқталған соң, ағаш тасу жолы мен тиеу алаңын қосқанда, минералданған топырақтың жалпы проценті алқап алаңының 20 процентінен артпауға тиіс.

72. Іріктеп, біртіндеп және жаппай кесу жүргізген жағдайда 66-68-тармақтарда көрсетілген технология, ал 69-тармақта келтірілген технология тек қана жаппай кесу кезінде қолданылады. Жаппай санитарлық кесу технологиясы - жаппай алқаптық кесуге қолданылатын әдістегідей болады.

73. Белдеулі-біртіндеп кесу кезінде тар алқаптық кесу технологиясы, ал тамырынан түлетіп өсіруге бағдарланған жапырақты ормандарда алқапты кең-соқпақты етіп әзірлеу әдісі (Ереженің 68-тармағы) қолданылады.

74. Техника қауіпсіздігі жағдайына байланысты тік қия беткейлерде тракторларды қолдануға мүмкіндік жоқ жерде негізгі ағаш таситын жолда арқанды қондырғылар, жеңіл қозғалатын машиналар мен механизмдер, ағашты атпен, қолмен сүйреп тасу әдісі пайдаланылады. Ағашты әуемен тасуда алқапты ұзына бойлай тасу әдісі қолданылады.

75. Сексеуілді алқаптарда өзіндік ерекшеліктеріне қарай ағашты темір

арқанмен құлату тәсілі қолданылады. Бұл үшін ұзындығы 30-35 метрлік темір арқан қос трактор аралығына байланады, олар алаңшалармен қатарласа жүргенде сексеуіл омырыла құлайды. Мұнда сексеуілдің жас өскіндерінің түлеп өсуін қамтамасыз ету мақсатында мынадай талаптар сақталынады: темір арқан мен жердің беті арасындағы саңылау 30 см дейінгі мөлшерде болуы тиіс. Құлатылмай қалдырылған түбірлер биіктігі діңнің жуандығына байланысты 5-8 см-ден артпауға тиіс. Дайындалған сексеуіл жиналып, автомобиль көлігімен немесе трактор тіркемесімен тасылады.

76. Алқаптағы жұмыстарды аяқтаған соң ағаш дайындаушылар ой-шұқырды тегістеу, топтастыра байлаған шыбықтармен толтыру, қалдықтармен нығыздап, тегістеу жолымен топырақ эрозиясының мүмкін болатын барлық ошағын жоюы, сондай-ақ жоғарыдағы қоймалар мен тиеу алаңдарын орманды қалпына келтіру жұмысын жүргізуге жарамды күйге келтіруге міндетті.

Кесілген қалдықтарды пайдалану және ағашы
кесілген жерлерді тазарту

77. Алқапты кесінділерден тазартуды (бұтақ, топырақ, ағаштың жоғары басы) ағаш дайындаушылар орманның түлеп өсуін, санитарлық және өртке қарсы жәй-күйін жақсарту мақсатымен ағашы кесілген жерлерді тазарту жөніндегі қолданылып отырған Ережелерге сәйкес ағаш дайындаумен бір мезгілде жүргізуге тиіс.

78. Кесу қалдықтары бірінші кезекте өнеркәсіпте ұқсату немесе халыққа сату үшін пайдаланылады. Бұл жағдайларда қалдықтар, ашық жерге және ағаштардың бойындағы жолдардың жарық жерлеріне (бос тұсына) өрт қауіпсіздігін сақтай отырып үйіледі.

79. Кесу қалдықтарын пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда алқапты тазарту былайша:

кесу қалдықтары бір жерге үйіледі немесе сол жерде ол шіруі үшін жал-жал етіп жинастырылады немесе өрт қауіпсіздігі жоқ кезде өртеу:

ағашы кесілген жерлерде ұсақтала кесілген қалдықтарды (ұзындығы 1 метрден аспайтын жаңқа немесе кесінді, құрғақ ағаш түрінен басқа), егер орманның өсу жағдайын жақсартуға жәрдемдессе, жер бетіне шашып тастау;

қалдықтарды ағаш тасылатын жолдарға төсеп, ағашты сүйреу процесінде берік нығыздау арқылы жүргізіледі.

Алқаптарды қалдықтардан тазартудың аталған тәсілдері аралас түрде қолданылуы мүмкін.

Жоғарғы қоймаларда үйіліп қалған және сатуға немесе ұқсатуға арналмаған қалдықтар олардың жиналуына орай арнайы бөлінген жерде орманды өрттен сақтану Ережелерін сақтай отырып, жағып жіберіледі.

80. Ағашы кесілген жерлерді тазарту тәсілдерін ағаш кесуде қолданылатын

тәсілді, ағаш өсетін жердің жағдайларын, орманның түлеп өсу ерекшеліктерін ескере отырып, орман шаруашылығын жүргізуге жауапты орман шаруашылығы кәсіпорындары белгілейді, бұл міндеттер ағаш кесу билетінде атап көрсетіледі.

81. Орман дақылдарын егу немесе жас шыбықтардың түлеп өсуі көзделген жаппай кесу алаңында кесу қалдықтары биіктігі 1-1, 2 метр, бір-бірінен қашықтығы кемінде 20 м етіп, қатар-қатар үйіледі немесе жал жасалады (мүмкіндігінше ағаш тасу жолдарында), кейіннен олар өртеледі немесе шіруге қалдырылады. Кейін қалдықтар үйіндісін трактормен таптаған жөн. Осы қалдықтар астында қалатын жер алқап алаңының 20 процентіне аспауға тиіс. Қалдықтарды алқаптан тыс бос жерге апарып өртеу үшін жинастыруға, үюге р ұ қ с а т б е р і л е д і .

Алқапты тазартудың аталған тәсілдері кейіннен орман дақылдарын еге отырып біртіндеп кесудің соңғы кезеңінен жүргізу кезінде қолданылады.

82. Өскіндердің түлеп өсуі қанағаттанарлық ағашы жаппай кесілетін жерлерді тазарту, өскіндерді сақтауды қамтамасыз ететін және олардың сол кезде және кейіннен түлеп өсуіне әсер ететін жағдайларды жақсартатын тәсілмен:

топырағы жұтаң ормандар қалдықтарды ұсақтап ұзындығы 1 метрге дейін етіп ағашы кесілген жерлерге біркелкі етіп шашу;

топырағы саздақ және сазды ормандарда қалдықтарды көлемі 1 м, биіктігі, 0,5 м үйінді етіп бос жерге жинап өртеу жолымен тазарту;

ылғалды және дымқыл ормандарда өскіндері жоқ жерге үйіп, шірітуге қалдыра отырып кесінді қалдықтарын жинап, бір жерден шағын үйінді жасау (биіктігі 1 м дейін) тәсілімен жүргізіледі.

Шіріту және өртеу үшін қалдықтарды үю және жал етіп жинау, сондай-ақ ұсақтап алқапқа шашу орман қабырғасына 10 метрден жақын болмауға тиіс.

Ағаштарды ұсақтап кесетін жылжымалы машинаның көмегімен жаңқа етіліп ұсақталған қалдықтар, орманның құрғақ түрлерінен басқа жерде, барлық алаңға біркелкі шашылуы керек.

83. Ағашты біртіндеп, белдеулі-біртіндеп және ерікті-іріктеп кесу барысында, сол сияқты Ереженің 64 тармағында көрсетілген жағдайда қалдықтар ағаш тасылатын жолдарға төселіп, үстінен трактормен тапталады. Топырақты саздақ және сазды алқапта ағашты кесуден қалған қалдықтарды ұсақтап, топырағы жұтаң жерлерге шашады немесе өскіндер жоқ бос жерге шағын етіп үйіп (1x0,5), шірітуге қалдырады. Олар қыс кезеңінде жағып жіберілуі мүмкін.

84. Үйінділер мен жалдарды жағу өскіндердің, жас шыбықтардың, кеспей қалдырылған ағаштардың отқа шарпылмауы қамтамасыз етіле отырып алқаптың шеткері бөлігінен басталады.

Кесілген ағаштардың қалдықтарын шірітуге қалдырылған алқап пен мөлдектің шекарасы (әсіресе құрғақ тұрпатты ормандарда) ені 1,4 метрден кем

болмайтындай минералды жолақпен дөңгелете қоршалады.

85. Көктемде, қар ерігеннен кейін дайындаушылар ағаш кесу билетінде көрсетілген әдістермен қыста кесілген жерлерді қалдықтардан қайта тазартулары қ а ж е т .

86. Алқапта кесілген және қалдырылған ағаштар өрт қаупі бар кезеңде бұтақтарынан тазартылады, ал дайындалған ағаш өнімдері ашық жерлерге қатарластыра немесе текшелей үйілген жапырақты ағаштардан кемінде - 20 м, ал қылқан жапырақты немесе аралас орманда - 40 м қашықтықта жиналады. Бұл орайда іске жарамды қылқан жапырақты ағаштарға зиянды жәндіктер ұяламас үшін ағаштар қабығынан аршылады немесе химикатпен өңделеді.

87. Ағаш дайындаушылар алқаптарды тазарту кезінде осы Ережелерде аталған шараларды орындаумен бірге Қазақстан Республикасының ормандарында өрт қауіпсіздігі ережесі мен Санитарлық ережесінің талаптарын қатаң сақтауға міндетті.

Ағашы кесілген жерлерде орманды қалпына
келтіру жөніндегі шаралар

88. Қазақстан Республикасының жазық жерлердегі ормандарында ағашты басты мақсатта пайдалану үшін кесу ағашы кесілген алаңдарда орманды қалпына келтіру мақсатына жауап беретіндей болуы тиіс. Осыған байланысты ағаш кесу қорын әзірлеу және әрбір алқаптағы ағашы кесілетін жерлерге куәлік беру кезінде орман өсіру жағдайларын ескере отырып, орманды қалпына келтіру, ағаш тұқымдарының орман өсірудегі ерекшеліктері, оны кесудегі қолданылатын тәсілдер, сондай-ақ табиғи түлеп өсудің жәй-күйі жөнінде шаралар белгіленеді.

89. Алқапты әзірлеу және ағаш дайындаушылардан орманды қалпына келтіру жөнінде жүргізілген шаралармен қоса ағашы кесілген жерлерді қабылдап алу барысында өскіндерді есепке алу, ағаштардың шаруашылық жағынан құнды тұқымдарының өскіндері мен жас шыбықтарын сақтау жөніндегі Нұсқауға сәйкес жүргізіледі, ал тек басты мақсатта пайдалану үшін кесуге белгіленген ағаш тұқымдары үшін түлеп өсуді бағалау шкала бойынша (Ереженің 2-9 қосымшасы) анықталады. Теректердің, ағаш тәрізді талдар мен қандыағаштардың түлеп өсуін бағалау, арнайы шкала жасалғанға дейін, қайыңдардың табиғи түлеп өсуінің шкаласы бойынша жүзеге асырылады.

Ағаштардың басты тұқымдарының түлеп өсуі жақсы болғанда, өскіндерді сақтау және оларды күтіп-баптаудан басқа орманды қалпына келтіру шаралары жүргізілмейді, ал қанағаттанарлық жағдайда - табиғи түлеп өсуіне немесе жекелеген орман дақылдарына көмектесу шаралары белгіленеді. Осы шаралар ағаштарды жаппай отырғызуды қоса отырып алқаптарда өскіндер саны жағынан жеткіліксіз болғанда қамтамасыз етілуге тиіс.

90. Ағаштарды біртіндеп, белдеулі-біртіндеп және іріктеп кесуді жүргізген

кезде әрбір келесі кезек алқапта басты тұқымдардың түлеп өсуі қанағаттанарлық болған жағдайда жүзеге асырылады. Өскіндер саны жағынан жеткіліксіз болғанда табиғи түлеп өсуіне жәрдемдесу шаралары белгіленеді.

91. Ағаштары кесілген жерде табиғи түлеп өсуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларға мыналар жатады: ағаш дайындау кезінде өскіндерді және олардың өсуі үшін қажетті жағдайларды сақтау, тұқым беретін ағаштарды қалдыру, сүректің астындағы немесе ағашы кесілген жерлердегі топырақты өңдеу, шаруашылық жағынан құнды ағаш тұқымдарының өздігінен тұқым шаша өсуін және өскіндерді күтіп-баптау, оны малдың бүлдіруінен қорғау. Бұл шаралар Қазақ КСР (1988) мемлекеттік орман қорында орманды қалпына келтіру және орман өсіру жөніндегі Нұсқауына сәйкес және табиғи түлеп өсуге жәрдемдесу мен орман дақылдарын егу жөніндегі аймақтық ұсыныстарға сәйкес жүзеге асырылады.

92. Ережеде көзделген ағаш кесудің барлық түрлерін жүргізу кезінде шаруашылық жағынан құнды ағаштар тұқымдарының өскіндері мен жас шыбықтарын, өздігінен тұқым шаша өсетін ағаш түрлерін сақтау керек. Қылқан жапырақты және қатты жапырақты ормандарда түлеп өсудің қандай да деңгейінде болсын өскіндері сақталады, ал жұмсақ жапырақты өскіндер қанағаттанарлық және одан жоғары болғанда сақталады.

93. Өздігінен тұқым шашатындарды, өскіндер мен жас шыбықтарды, сондай-ақ өскіндердің түлеп өсуінің пайда болу жағдайын сақтауды мыналар қамтамасыз етеді:

ереженің "Ағаш кесу жұмыстарына қойылатын экологиялы-орман жүргізу талаптары" бөлімінде көрсетілген өскіндерді сақтай отырып алқапты әзірлеу технологиясын қолдану және ағаш кесу жұмыстарын жүргізуге қойылатын орман жүргізу-техникалық талаптарды сақтау;

ағаш кесу жұмыстарын аяқтағаннан кейін өскіндерді түзету, оларды және жас шыбықтарды кесілген ағаш қалдықтары мен топырақ басып қалудан босату ісін атқару. Ағаш дайындау процесіне сынған және қатты бүлінген өскіндер мен жас шыбықтар шауып тасталады, олар кесілген ағаш қалдықтарымен бірге жинап алынады;

Ереженің 23-тармағында көрсетілген кесуден соң өскіндердің өсуі мен түбір биіктігі үшін оңтайлы мерзімді сақтау; өскіндер қалыптастыратын түбірлерді жаруға жол берілмейді. Түбірінің жоғары жағынан су тұрып қалмауы әрі шірімеуі үшін оған көлбеу қалқан жасалуы керек;

алқаптан ағаштарды сүйреп шығаруды өскіндердің пайда бола бастауына дейін аяқтау;

ағашы кесілген жерлерде ағашты сүйреу мен механикалық тазарту кезінде түбірлерді жұла тартуға, оларды топырақ пен кесілген қалдықтармен басылып

қалауына жол бермеу. Мұның өзі түлеп өсуді нашарлатады, өскіндерді қатты
 м а й ы с т ы р ы п т а с т а й д ы ;

қайың ағаштарының баяу дамыған, қатты қисайған өскіндері мен жас шыбықтарын, басқа да жапырақты ағаш тұқымдарын "түбірге отырғызу". Мұның өзі ағаш өскіндерінің өнімділігін 20-30 процентін арттыруға мүмкіндік береді. Түбірдің биіктігі 5-7 см. Түбірге отырғызу мерзімі - мамыр-маусым және қ ы р к ү й е к - қ а р а ш а а й л а р ы .

94. Алқаптың барлық түрінде ағаш кесу жұмыстары аяқталған соң, ағаш кесілген жерлерді тазарту мен сүректерді тасып шығаруды қоса отырып, өскіндер сақталған алаңшалар көлемі алқаптың жалпы көлемінің кемінде 75 п р о ц е н т і н к ұ р а у ғ а т и і с .

Алаңшалардағы өскіндер мен жас шыбықтардың сақталуы ағашты кесуге дайындау мерзімі мен оның тәсілдеріне қарай кесуге дейінгі ескерілген мөлшердің 50-ден 80 процентіне дейінін кұрауға тиіс (7-кесте).

Ағашы кесілген жерлерде өскіндерді сақтаудың
 нормативтік көрсеткіштері

Кесу тәсілі және қия беткейлердің көлбеулігі		Өскін мен жас шыбықтың сақталуы, процент есебімен		
		қыста	қарсыз кезеңде	
Беткейдің болғандағы жаппай кесу	көлбеулігі 10	градусқа 70	дейін 60	
Беткейдің болғандағы жаппай кесу	көлбеулігі 10	градустан 60	жоғары 50	
Беткейдің болғанда кесу	көлбеулігі 10	градусқа және 80	дейін іріктеп 70	
Беткейдің болғанда және іріктеп кесу	көлбеулігі 10	градустан және 70	жоғары іріктеп белдеулі-біртіндеп 60	

95. Тұқымдық немесе өскіндік-тұқымдық ағаштардың түлеп өсуіне арналған жаппай кесілуге тиісті алқапта өздігінен тұқым шашатын ағаштарды қалдырғанда олардың орман қабырғасынан едәуір қашықтығы (50 м астам) немесе соңғысының жоқтығы салдарынан толық түрде тұқым шашуы үшін мүмкіндігі болмауы себебі көзделген.

Қарағайлы ормандарда тұқымдық ағаштарды бір гектар жерде саны жағынан

15-20 дана тұрғысында желектері жақсы жетілген, өсу мүмкіндігі 1-2 класты 3-5 ағаштардан тұратын топ етіп қалдырады. Бұлар ағаш кесу жұмысын жүргізуге қиындық келтірмеуі үшін алаңда бір-бірінен қашықтығы 50 метрден аспайтын деңгейде біркелкі жүйеде орналастырылады. Тұқымдық ағаштардың әр алаңдағы саны ағаш кесудің жай-күйін ескеру арқылы реттеледі: түлеп өсуі неғұрлым баяу, ал топырақтың беткі қабаты күшті жетілген болса, тұқымдық ағаштар соншалық көп қалдырылады. Өскіндер тік қия беткейлерге орналасқан жағдайда, олар тек сондай өскіндер жоқ жерлерде қалдырылады. Тұқымдық ағаштар қабығы сәл-пәл қызғылттанып тұратын бояумен нөмірленіп, таңбаланады.

Тұқымдық ағаштар мынадай алқаптарда:

табиғи жақсы түлеп өсетін немесе жасанды тұрғыда қалпына келтірілуі к ө з д е л г е н ;

сексеуіл ормандарынан басқа жапырақты ағаштар тұқымында;

құмды, құмдақ және тасты топырақты жердегі құрғақ тұрғыдағы қарағайлы ормандарда, сол сияқты топырағының қыртысы қалың жердегі жас әрі дымқыл қарағайлы ормандарда қалдырылмайды.

Өз маңызын атқарған қарағай тұқымдығын күтіп-баптау және санитарлық кесу кезінде жинап алу жүргізіледі.

96. Топырақты өңдеу жолымен табиғи түлеп өсуге ықпал ету әдісі орман өсіру көздері бар ағашы жаппай кесілетін (орман қабырғасы, тұқымдықтар), сондай-ақ Ереженің "Ағашты басты мақсатта пайдалану үшін кесу тәсілі мен техникасы" бөлімінде көрсетілген мерзімді сақтай отырып, өнімнің түсімділігі ортадан төмен болмаған жылдары сүрек астындағы ағаштарды біртіндеп; белдеулі-біртіндеп және іріктеп кескенде қолданылады. Топырақты тұқым пісіп түсер алдында жазда немесе күзде өңдейді.

97. Құмды, құмдақ және тасты топырақты жерлердегі қарағайлы құрғақ орманда қына мол басқан, орман төсенішінің қалыңдығы 3 см және одан көбірек болғанда топырақты қопсытпай ені 10 см дейінгі таспа жолмен жабады. Төсеніштің қалыңдығы 1-2 см дейін жеткізіледі. Топырақтың жоғарыда аталған категорияларындағы жас қарағайлы ормандарда ені 0,5-1 м дейін жеткізіледі.

Ағашты және жас дымқыл топырақты жерлердегі қарағайлы ормандарда, сондай-ақ қарағаймен аралас қайыңды және көктеректі өндірістік ормандарда топырақты алаңша ете, көлемін 2 X 1,5; 2X2, 2X2, 2X2,5 м, тереңдігін 12-15 см етіп бульдозермен тіліп, бір гектарда 400-600 мөлшерінде осындай тілім ж а с а л а д ы .

Саздақ және сазды ылғалды топырақты ағашы кесілген жерлерде топырақтың минералды қабатын жалаңаштамай тек мүк қабаты мен төсеніштің әлі шіри қоймаған беткі қабатын алып тастайды. Қарағайлы ормандардың дымқылды түрлерінде биіктігі 15-20 см, бір-бірінен қашықтығы 6-8 метр микрожамылғы (

жа л д а р , қ ы р л а р) ж а с а л а д ы .

Ағаш өсіруге арналған сүйреп шығаратын жолдарда топырақты тапталып қалуын жою және өздігінен төгілген тұқымның өніп-өсу жағдайларын жақсарту мақсатында ол тереңдігі 12-15 см етіліп кесуден бір жылдан соң қопсытылады. Аландар мен белдеулер жасау ағашты жаппай кесу жүргізілген жылы, ал ағашты біртіндеп кескенде Ереженің 26 және 32 тармақтарында көрсетілген мерзімде, іріктеп алып кесу жағдайында - ағаштарды бірінші кескенде оның жуандығы 0,7 және одан кем болғанда, ал қажет болған жағдайда кейінгі кесу кезегінде а т қ а р ы л а д ы .

Топырақты минералдандыру алаңы, ағаш сүйреу кезінде жарақат алған жерін қоса отырып, қарағайлы ормандардағы ағашы кесілген жердің 20-30 проценті мөлшерін құрайды. Жаңа қарағайлы ормандарда топырақты өңдеу жаздың екінші жартысында, ал ағаштың жапырақты тұқымдары 20 проценттен астам мөлшерде болса, онда күзде жапырақтар түгел түскеннен кейін жүргізіледі (қазан айы). Алаңды әзірлеуді қарағайлар тұқымын жаппай шашуын аяқтағанға дейін ерте көктемде жүргізуге де болады (сәуір, мамырдың 1-онкүндігі).

98. Еменді ормандарда табиғи түлеп өсуге ықпал жасау оның жуандығы 0,4-0,6 болғанда, өнім мол жылдары ағашты кесуден 2 жыл бұрын жүргізіледі. Әрбір 4-6 метр сайын тартылатын ені 1-2 м жолақтарда құндылығы аз ағаш тұқымдарының шыбықтары мен өскіндері оталады; тапталған жерінің топырағы қ о п с ы т ы л а д ы .

Өнім түсімі жақсы әрі орташа болған жағдайда еменнің ойдағыдай түлеп өсуі барысында ағаш кесу және оны сүйреп шығару күзде емен жаңғақтары түскеннен кейін қамтамасыз етіледі. Ағашты сүйреп шығару кезінде жаңғақтар топыраққа араластырылады, мұның өзі жақсы өскіндер береді.

99. Ережеде көрсетілген су жайылмалы және тоғайлы ормандарда ағаш кесу түрлері өскіндерінің түлеп өсуінің пайда болуына есептелген, өйткені тал мен терек тұқымынан өніп-өсу жолымен түлеп өсуі тек өздерінің ылғалды ш ө г і н д е р і н д е ғ а н а б о л а д ы .

Теректің, үйеңкінің және көктеректің түбірлеп атпалар арқылы түлеп өсуіне ықпал ету көктем кезінде олардың тамыры ағашқа жақын жерде дискалы тырмамен жарақаттанғанда, 1-2 жылдық ағаштарды кесу кезінде жүзеге асырылады. Жас, дымқыл және сулы көктерек пен терек ормандарында ағаш кесу жұмыстарын қарсыз кезеңде Ережеде көзделген ағаш кесу мерзімдерін сақтай отырып жүргізу жақсы нәтижелер береді.

100. Шөлейт жердегі ормандарда табиғи түлеп өсуге ықпал ету шаралары кара сексеуіл ормандарында мына алқаптарда: өзен арнасы іргесіндегі құмды-саздақ жазық жерлерде, құмды төбелер алдындағы құмда, Балқаш көлінің төңірегіндегі шілікті алқаптарда, сондай-ақ сексеуіл орманы аралас құмды аймақ

алдындағы және Мойынқұмның сусымалы құм төбелеріндегі ормандарда жүргізіледі. Осы мақсатта мына шаралар көзделген:

бірінші кезекте ағашты кесуді тұқым өнімі орташа және жақсы ағаштарда белгілеу және Ережеде көзделген тұқымның пісіп-жетілген кезінде сексеуіл омыру мерзімін сақтай отырып жүргізу;

алқапқа оларда сақталған тұқымдарымен кесінді қалдықтары ұсақтап сеуіп т а с т а л а д ы ;

күзде топырақ қыртысын қайырмай жыртып, әрбір 10 м сайын ені 1,4 метрлік б е л д е у л е р ж а с а л а д ы .

101. Шаруашылық жағынан құнды ағаштар тұқымдарының өсуі әрі тұқым шашуының, өскіндері мен жас шыбықтарының дамуына қолайлы жағдайлар жасау мақсатында бұларды былайша күтіп-баптау:

таяудағы 5-6 жылда кесуге жатқызылған ағашы өсіп-толысқан орман қабырғасына жанасатын қарағайлар 1-2 жыл бұрын кесілген жерде қарағайдың өздігінен тұқым шашуынан өсіп-өнген және ұсақ өскіндердің жай-күйін жақсарту мақсатында орман қабырғасы тұсындағы ені 4-6 метр жолақта тамырларды қопсыту жолымен отау жұмысы жүргізіледі;

ағашы 5 - 10 жыл бұрын кесілген жерде қарағайлы-жапырақты ағаштармен аралас түлеген өскіндерді кесіп алып тастайды немесе ағаштың жапырақты тұқымдарының жас шыбықтарын тіршілік қабілеті күшті жеке ағаштар мен қарағай өскіндері төңірегіне шоғырландырады;

ағаштың жапырақты тұқымы кесілген жерде қабысуы 0,8-ден астам бір гектарға шаққанда дымқыл жерде қарағайдың өздігінен тұқым шашуы арқылы өскен, жасы екі жылдан асқан 5 мың дана, жас топырақта 7 мың дана, құрғақ жағдайда өскен 10 мың дана өскіндеріне ені 2-2,5 м бір-бірінен қашықтығы 2-4 метр дәліз жүйесімен күтіп-бапталады немесе кесілген жердің бүкіл алаңы бойында жапырақты ағаштардың жас шыбығы алабына сирету жүргізіледі;

қарағай мен көктерек аралас өскен ормандарда қарағай өскіндерінің булықпауы үшін көктеректің түбірінде өсіп атпаларының түлеп өсуін төмендету ш а р а л а р ы жү р г і з і л е д і ;

еменнің өздігінен тұқым шашуынан шыққан өскіндері күтіп-баптау үшін міндетті түрде оларды шөп басудан қорғау және шіліктер мен ағаштың жұмсақ жапырақты жас шыбықтарына көлеңке түсіру әсерін жою шарасы қолданылады. Бүкіл емен өскіндеріне жарық түсіріледі. Кесілген жердегі еменді ормандарда алғашқы саңлаулау ағашты кескеннен кейінгі екінші жылы жүргізіледі, төртінші жылы қайталанады. Келесі күтіп-баптау қажеттілігіне қарай атқарылады. Келесі күтіп-баптау терек ағаштары құрамында емен болғанда бірінші жарық түсіру ағашты кескен соң екінші жылы жүзеге асырылады, сонан соң үшінші және төртінші жылы қайталанады, ол кейін қажеттілігіне қарай;

ағашы кесілгеніне 10 жылдан асқан жерде орманды күтіп-баптау жөніндегі кесу аймақта қолданылып жүрген нұсқаулар мен орманды күтіп-баптау үшін кесуді жүргізу жөніндегі ұсыныстарға сәйкес атқарылады.

102. Ағашы кесілген жерде ағаштардың басты тұқымдарының түлеп өсуі қамтамасыз етілмесе, онда барлық жағдайда бұл алқапты кесуден кейін 1-2 жылдан соң шаруашылық жағынан құнды ағаш тұқымдары егілуі керек. Бұл шара орман дақылдарын егудің бекітілген түрлері мен схемаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Орманды жасанды қалпына келтіруге мыналар жатады:

байырғы қарағай ағаштарын қалпына келтіру мақсатымен өндірістік ағаштардың жаппай алқабын құру. Қарағай дақылдары кесуден бір жылдан соң егіледі;

қайың ағашы басымырақ, жуандығы 0,3-0,4 байырғы жапырақты ағаштардың жаппай алқабы, сондай-ақ жас шыбықтар мен түбір атпаларының түлеп өсуінің қанағаттанғысыздығы. Бұл категорияға Арал өңіріндегі, Қарақұмның, Мойынқұмның теріскенді дөңестері мен жазығындағы кара сексеуілді ормандарды кесу де жатады. Мұнда, әдеттегідей, табиғи түлеп өсуі қанағаттанғысыз жағдайда өтеді, оған қолданылатын шаралар жеткіліксіз болып табылады. Өскіндердің жәй-күйіне қарай жекелеген немесе жаппай дақыл егу жүргізіледі;

өсуі қанағаттанғысыз еменді және теректі емен ағаштарындағы жаппай кесу белдеуі; оларда емен дақылдары отырғызылады;

қарағайының түлеп өсуі қанағаттанғысыз қарағайлы және қарағаймен аралас қайыңды, көктеректі өндірістік ормандарда біртіндеп кесуге қабылдау аяқталуынан кейінгі алқаптар. Кесуден кейінгі бірінші жылы қарағай дақылдары егіледі;

жуандығы 0,3-0,5 қарағай өскіндерінің саны жеткіліксіз болған жағдайда қарапайым таза және қарағайдың аралас ағаштарындағы жаппай алқаптарда ағаштың басты тұқымы кесуден кейінгі алғашқы екі жылда отырғызылады;

жаппай санитарлық кесу. Қарағай мен басқа да басты ағаш тұқымдарын егу кесуден кейінгі бірінші жылы жүзеге асырылады.

103. Орман қорында мал жаюды реттеу тәртібі Ереженің 18-тармағында жазылған.

Мал жаюға тыйым салынған ағаш кесетін жерлерде өскіндердің сақталуы қамтамасыз етілмейтін болса (елді мекендер, мал фермалары, тұрақты мал айдайтын жолдар, су құбыры жақын болғанда), ағашы кесілетін жерлер қоршалуға тиісті.

Өскіндерді және жас шыбықтарды тағы жануарлардың бүлдіруінен қорғау оларды үркітетін құралдар арқылы, олардың санын аңшылық жолмен азайту

немесе басқа жерге ауыстыру, сондай-ақ қоршау арқылы жүзеге асырылады.

Ағаш кесу ережелерін сақтамағаны үшін жауапкершілік

104. Осы Ережедегі орман тәртібін бұзғаны үшін жазықты ағаш дайындаушылар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

105. Ағаш кесу Ережелерін орындауды бақылау және алқапты бөлу кезінде оларды бұзғаны үшін жауапкершілік - орман қоры өз қарамағына берілген орман шаруашылығы кәсіпорнының директорына жүктеледі.

1 Қ о с ы м ш а

Орман шаруашылық кәсіпорындарын әкімшілік облыстар шегінде табиғат аймақтары мен орман шаруашылық аудандар бойынша бөлу

Орман шаруашылық аудандары	Әкімшілік	Орман шаруашылық кәсіпорындары облыс
----------------------------	-----------	--------------------------------------

1

2

3

Орманды дала аймағы		
Қайыңды-көктеректі шоқ ағашты-алапты ормандар	Қостанай, Солтүстік Қазақстан	Ұзынкөл, Урицк, Петропавл, Булаев, Жамбыл, Ленинск, Мамлют, Октябрь, Преснов, Совет, Соколов
Көкшетау шоқ ағашты ормандар	Көкшетау	Қайыңды-көктеректі Айыртау, Бұрлық, Орлиногорск (барлығы да қазақтың шағын адырлы ормандарынсыз)

Далалық аймақ

Қайыңды-көктеректі шоқ ағашты ормандар	Ақмола Көкшетау	Степное, Арықбалық, Куйбышев, Озерное (бәрі қазақтың шағын адырлы қарағайлы ормандарынсыз), Бұқпа, Источное, Самарбай
	Қостанай	Бурабай, Қостанай (бәрі адырлы қарағайлы ормандарсыз),

Михайловск, Таран

Павлодар

Павлодар, Максим Горький, Үрлітүп (бәрі су жайылмалы ормандарсыз), Шалдай (ұзына бойы созылған қарағайсыз ормандар)

Қазақтың шағын адырлы қарағайлы ормандары	Ақмола	Алексеев, Үлкен тоқты, Кеңес, Краснобор, Маралды, Отрадний, Степногор, Сандықтау
	Қарағанды	Қарқаралы, Қу орман аңшылық кәсіпорындары
	Көкшетау	Арықбалық, Куйбышев, Озерное (бәрі қайыңды-көктеректі ормандарсыз), Бұланды, Зеренді, Малотюктинское, Шортанды, Бұрабай орман шаруашылығы, К а з Н И И Л Х А
Ұзына бойы созылған қарағайлы ормандар	Павлодар	Баянауыл ұлттық табиғат бағы
	Павлодар	Бесқарағай (су жайылмалы ормандарсыз), Шалдай (қайыңды-көктеректі шоқ ормандарсыз)
	Семей	Долонское, Ертіс (су жайылмалы ормандарсыз), Бөген, Бородулиха, Бөкебаев, Жаңа Семей, Канонерское
Қостанай ормандар	Морозов, Новошұльба, Семей	Аралды қарағайлы (қайыңды-теректі шоқ ағашты ормандарсыз), Семиозерное, Наурызым мемқорықтары
Шағын адырларды шоқ қайыңды ормандардың оңтүстік аймағы	Ақмола	Целиноградское
	Қарағанды	Теміртау, Қарағанды
	Семей	Степное
Жазық жерлердегі шоқ қайыңды ормандардың оңтүстік аймағы	Ақтөбе	Ақтөбе, Мәртөк, Қобда (бәрі су жайылмалы ормандарсыз), Қарабұтақ
	Торғай	Арқалық, Есіл
Су жайылмалы ормандар	Батыс Қазақстан	Ақжайық, Шыңғырлау (бәрі су жайылмалы ормандарсыз)
	Ақтөбе	Ақтөбе, Мәртөк, Қобда (бәрі жазық жерлердегі шоқ ағашты ормандардың оңтүстік шетінсіз)
	Павлодар	Бесқарағай (ұзына бойы созылған қарағайлы ормандарсыз), Максим Горький, Павлодар, Үрлітүп (бәрі қайыңды-көктерексіз шоқ ағашты ормандарсыз)

	Семей	Долонское, Ертіс (бәрі ұзына бойы созылған қарағайлы ормандарсыз)
	Батыс Қазақстан	Бөрлі, Орал, Шыңғырлау (жазық жерлер бойынша шоқ ағашты ормандардың оңтүстік шетінсіз),
	Январцев	
	Жартылай шөлейт аймақтар	
Жазық жерлердегі шоқ ормандардың оңтүстік шеті	Ақтөбе	Темір, Ойыл
Су жайылмалы ормандар	Батыс Қазақстан	Ақжайық (жазық жерлердегі шоқ ағашты ормандардың оңтүстік шетінсіз), Чапаев және Тайпақ (солтүстік бөлігі) Шөлейт аймақ
Шағын адырлардағы шоқ ормандардың шеті	Жезқазған	Жезқазған
Жазық жерлердегі ағашты ормандардың оңтүстік шеті	Ақтөбе Батыс	Үлкен Борсық Орда Қазақстан
Су жайылмалы ормандар	Атырау Батыс	Теңіз, Индер, Махамбет Тайпақ (оңтүстік бөлігі) Қазақстан
Сексеуілді және тоғайлы ормандар	Алматы	Ақши, Бақанас, Қаскелең, Балқаш өңірі Ұйғыр және Шелек (тау ормандарынсыз) Құлсары, Миялы, Жамбыл Жамбыл, Көктерек, Қосқұдық, Луговой, Мойынқұм, Сарысу Қызылорда Арал ЛМС, Қызылорда, Қазалы, Қармақшы, Тереңөзек, Шиелі, Жаңақорған
	Атырау	Маңғыстау Сам, Бейнеу
	Жамбыл	Талдықорған Алакөл, Панфилов, Сарқант

(тау ормандарынсыз), Үштөбе
Оңтүстік Арыс, Созақ, Түркістан, шардара
Қазақстан (тау ормандарынсыз)

2 қосымшадағы қолдану тәртібі

1. Орман аясында немесе ағашы кесілген жердегі өскіндер бір биік топта болған жағдайда түлеп өсуді бағалау кесте графасындағы мәліметке сәйкес беріледі.

2. Өскіндердің екі және одан да көп топтары болса, оның әр топтағы саны көшірудің тиісті коэффициенттеріне көбейтіледі, алынған көрсеткіш жинақталып "көшіру коэффициенттерін есептегенде барлығы" деген бағандағы мәліметтермен салыстырылады.

Есепке алынған сома "шартты" өскіннің аталған бағанның алымында көрсетілген көрсеткішінен жоғары болса, онда түлеп өсу "жақсы" деп саналып, өскіндерді сақтаудан басқа, орманды қалпына келтіру жөнінде ешқандай шаралар жүргізілу жоспарланбайды, ал қалыптастырылып отырған ағаштардың жуандығы 0,8-1,0 шамасында болады деп күтіледі.

Егер "Шарттыға" көшірілген өскіннің саны анықтамада көрсетілген көрсеткішке сәйкес болса, онда қайта түлеп өсу "қанағаттанарлық" деп саналады. Мұндай жағдайда ағаштарды қалыптастырудың жуандығы 0,5-0,7 мөлшерінде күтіледі. Ашық және саңылауы бар жекелеген ағашы кесілген алқапта жекелеген орман дақылдары егіледі.

Егер өскіндердің саны баға беріліп отырған шкала көрсеткішінің ең азынан төмен болса, онда түлеп өсу "жеткіліксіз" деп саналады. Мұндай жағдайда ағаштардың жуандығы 0,3-0,4 болмақ. Мұндай учаскелерде орманды қалпына келтіру шараларын жүргізу керек.

2 Қ о с ы м ш а

Орман аясында қарағайдың табиғи түлеп
өсуін бағалау шкаласы

Орман түрлерінің негізгі топтары	Өздігінен тұқымдануы және өскіндер саны, гектарына мың дана биіктік топтары бойынша өскіндер, метр		
	өз тұқымынан өскенде биіктігі	ұсақ 0,1-0,5	орташа 0,6-1,5
	0,1 кем		

1. Қазақтың шағын адырлы ормандарындағы қарағайлар

Өте қуаң		37,5 астам	25 астам	21 астам
		-----	-----	-----
		22,5-37,5	15-25	13-21
Қуаң		25 астам	17 астам	14 астам
		-----	-----	-----
	15-25	10-17	8,5-14	
Жас		19 астам	12,5 астам	10,5 астам
		-----	-----	-----
	10-19	6,5-12,5	6,5-10,5	
Ылғал		15 астам	10 астам	8,5 астам
		-----	-----	-----
	7,5-15	5-10	4,5-8,5	

2. Аралды және ұзына бойы созылған қарағайлы ормандар

Қуаң және өте қуаң		26 астам	17,5 астам	15 астам
		-----	-----	-----
	16-26	11-17,5	9,5-15	
Жас және ылғал		20 астам	13,5 астам	11,5 астам
		-----	-----	-----
	11-20	7,5-13,5	6,5-11,5	
Өскінді		" ш а р т т ы "		
көшіру коэффициенті		0,4	0,6	0,7

		1 гектар жердегі		Топтық өскіндер,
		көшіру коэффициенттерін		топтар саны
		есептегенде,		барлығы
-----		-----		-----
18,5 астам		15 астам		800 астам
-----		-----		-----
11-18,5	9-15	700		
12,5 астам		10 астам		600 астам
-----		-----		-----
7,5-12,5	6-10	500		
9 астам		7,5 астам		500 астам
-----		-----		-----
5-9	4-7,5	400		

7,5 астам		6 астам	400 астам
-----		-----	-----
4-7,5	3 - 6	300	
13 астам		10,5 астам	600 астам
-----		-----	-----
8 - 13		6,5 - 10,5	500
10 астам		8 астам	500 астам
-----		-----	-----
5,5 - 10		4,5 - 8	400
0,8			

3 Қосымша

Ағашы кесілген қарағайдың табиғи түлеп өсуін бағалау шкаласы

Орман түрінің негізгі топтары	Өздігінен тұқымдану және өскіндер, гектарына мың дана		

	өз тұқымынан	өскіндер биіктік топтары	
	өскенде,	-----	
	биіктігі 0,1	Ұсақ	Орташа
	кем	0,1-0,5	0,6-1,5

1.Қазақтың шағын адырлы ормандарындағы қарағайлар				
Өте қуаң		22,5 астам	15 астам	13 астам
		-----	-----	-----
	14-22,5	9-15	8-13	
Қуаң		15 астам	10 астам	8,5 астам
		-----	-----	-----
	9-15	6-10	5-8,5	
Жас		10 астам	7 астам	6 астам
		-----	-----	-----
	6-10	4-7	3,5-6	
Ылғал		7,5 астам	5 астам	4,5 астам
		-----	-----	-----
	5-7,5	3,5-5	3-4,5	

2. Аралды және ұзына бойы созылған қарағайлы ормандар

Қуаң және өте қуаң	15,5 астам	10,5 астам	8,5 астам
9-15,5	6-10,5	5-8,5	
Жас және ылғал	12,5 астам	8 астам	7 астам
7,5-12,5	6-8	4-7	
Өскінді	" ш а р т т ы "		
көшіру коэффициенті	0,4	0,6	0,7

Ескерту: Шкаланы пайдалану тәртібі 2 қосымшадағы сияқты

ірі, 1,6 жоғары	бойынша, м бір	Топтық өскіндер, гектар жердегі өскіндер саны
Көшіру	коэффициенттерін	барлығы
есептегенде,		
11 астам	9 астам	800 астам
7-11 7,5 астам	700 6 астам	600 астам
7-7,5 5 астам	500 4 астам	500 астам
3 - 5	2 , 5 - 4	4 0 0
4 астам	3 астам	400 астам
2,5 - 4 7,5 астам	300 7,5 астам	600 астам
4-7,5 6 астам	500 5 астам	500 астам
3 , 5 - 6 0,8	3 - 5	4 0 0

4 Қосымша

Ағашы кесілген жердегі қайыңның табиғи өсуін
бағалау шкаласы

Орман түрінің негізгі топтары	Саны, 1 гектарға мың дана			
Жас	тұқымдық	және жас	бұтақшалар	өсімдіктер
	0,1-0,5 м	0,6-2,5	2,5 м	Көшіру
	ұсақ	(орташа және ірі)	жоғары және жас ағаштар	коэффициент-терін есептегенде, барлығы

Жас	7 астам	6,5 астам	6 астам	6 астам
3,5-7	3-6,5	3-6	3-6	
Былғал	8 астам	7,5 астам	7 астам	7 астам
4-8	3,5-7,5	3,5-7	3,5-7	
Сызатты	9 астам	8,5 астам	8 астам	8 астам
4,5-9	4-8,5	4-8	4-8	
Дымқыл	6 астам	5,5 астам	5 астам	5 астам
3,5-6	3-5,5	3-5	3-5	
Уақытшалары	7 астам	7 астам	6,5 астам	6,5 астам
4-7	3,5-7	3,5-6,5	3,5-6,5	
Өскіндерді өшіру коэффициенті	" ш а р т т ы "			
	0,9	0,95	1,0	

Өскіндік шіліктер

Өсіп-жетілген ағаштар түбірінен	өскіндер мен жас ағаштар түбірінен
---------------------------------	------------------------------------

0,8 астам	1 астам
-----	-----
0,4-0,8 0,5-1	
0,9 астам	1,1 астам
-----	-----
0,5-0,9 0,6-1,1	
1 астам	1,2 астам
-----	-----
0,6-1 0,7-1,2	
0,8 астам	1 астам
-----	-----
0,4-0,8 0,5-1	
0,9 астам	1,1 астам
-----	-----
0,5-0,9 0,6-1,1	

4. Қосымшадағы шкаланы қолдану тәртібі

1. Ағашы кесілген және өскіндердің қандай да болмасын бір биік топтары немесе өсіп-жетілген ағаштардың түбірлерінен өсіп шыққан шыбықтар болған жағдайда түлеп өсуді бағалау кестесінің тиісті графасының мәліметі бойынша беріледі.

2. Өскіндердің екі және одан көп биік топтары болған кезде әрбір биік топтардағы оның саны тиісті көшіру коэффициентіне көбейтіледі, одан алынған мәліметтер жинақталып "көшіру коэффициенттерін есептегенде барлығы" деген бағанның мәліметтерімен салыстырылады.

3. Егер өскін немесе шыбық ағашты кескеннен кейін түбірде "тұрып" қалса, онда әрбір топтағы түлеп өсудің жинақталған санын көшіру коэффициентіне көбейту жолымен кестенің соңғы бағаны бойынша бағаланады.

4. Анықтамада көрсетілген түлеп өсудің саны "жақсы" деген бағамен, көрсеткіште - "қанағаттанарлық", ал аз мәнді болғанда "жеткіліксіз" деп сипатталады.

5. Қия беткейдегі түлеп өсу кезінде және алаңның жартысынан астамын алып жатқан бос алаң болғанда, онда түлеп өсуді бағалау бір саты кемітіледі.

6. Ағашы кесілген жерде түрлі өскіндер болса, онда түлеп өсуді бағалау тұқымдық және жас шыбықты өсімдіктердің, сондай-ақ кесілген ағаштардың жасына қарамастан, барлық түбірлік жас шыбықтардың саны 0,1 коэффициентке көбейту және алынған көрсеткіштерді кестенің соңғы бағанының мәліметтерімен салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

7. Теректің, ағашқа ұқсас талдардың және қандыағаштың табиғи түлеп өсуін бағалау осы шкала бойынша жүргізіледі.

5 Қосымша

Ағашы кесілген жердегі көктеректердің табиғи түлеп өсуін бағалау шкаласы

Орман түрінің негізгі топтары	Өсімдіктердің саны, мың га/дана		
	1,5 м дейін	2,6 м дейін	4 м дейін
Жас және ылғал	60 астам	20 астам	10 астам
20-60	10-20	8-10	
Сызатты	70 астам	25 астам	15 астам
25-70	15-25	10-15	

Ескерту: Ағашы кесілген жердегі орманның түлеп өсуін қамтамасыз ететін өсімдіктердің саны анықтамада "жақсы", көрсеткіште - "қанағаттанарлық", ал аз мәнді болғанда - "жеткіліксіз" деп көрсетілген.

6 Қосымша

Жайық өзенінің су жайылмалы шатқалдарының ағашы кесілген жерлердегі еменнің табиғи түлеп өсуін бағалау шкаласы

Табиғи түлеп өсуді бағалау	Тұқымдық ағаштың	Тұқымды тектес түлеп өсуінің жалпы саны	Қайта өскендердің саны	Шаруашылық шаралары
Жақсы	2,0 астам	1,0 астам	ескерілмейді	Өскіндерді күтіп баптау
Қанағаттанарлық	0,3-2,0	0,3-1,0	0,2 астам	Жекелеген дақылдар, өскінді баптау
Жеткіліксіз	0,3 кем	0,3 кем	0,2 астам	орман дақылдары

Ескерту: 1. Өскіндер біркелкі орналастырылмағанда 0,75 коэффициент қолданылады.

2. Өскіндердің биіктігі 0,5 м дейінгі жағдайда тұқымның түлеп өсуінің жалпы санын бағалау барысында 0,7 коэффициенті қолданылады.

3. Түлеп өсуді бағалау тұқымдық қайта түлеп өсудің жалпы саны немесе биіктігі 1,5 м астам тұқымдық өскіндер саны бойынша жүргізіледі. Бағалау барысында көтергендері ескерілмейді.

7 Қ о с ы м ш а

Тұқым текті қатқыл жапырақты тұқымдарының табиғи түлеп өсуін бағалау шкаласы

Түлеп өсуін бағалау | Топырақты | Биіктігі 0,5м | Орманды қалпына
| ылғалдылық | одан жоғары | келтіру шаралары
| дәрежесі | өскін саны |
| | мың дана / га |

Жақсы	Қуаң	4 астам	Орманды қалпына
	Жас	3 астам	келтіру шаралары
	Ылғал	2 астам	қажет етілмейді
Қанағаттанарлық	Қуаң	2-4	Жекелеген дақылдар
	Жас	1-3	егу немесе түлеп
	Ылғал	1-2	өсуге ықпал ету
Жеткіліксіз	Қуаң	2 және кем	Орман дақылдарын
	Жас	1 және кем	егу
	Ылғал	1 және кем	

Ескерту. Тапал дінді қатқыл жапырақты ағаш өсіретін шаруашылықта түлеп өсу жас шыбықтар өскен 400 астам түбір болғанда "жақсы" деп, 200-400 дана болғанда "қанағаттанарлық", онан кем мөлшерде "жеткіліксіз" деп саналады.

8 Қ о с ы м ш а

Қара және ақ сексеуілдің табиғи түлеп өсуін бағалау шкаласы

Түлеп өсуін бағалау | 3-5 жылдық өскіндер саны, дана/га
|-----

	қара сексеуіл	ақ сексеуіл
Жақсы	1000 астам	500 астам
Қанағаттанарлық	500-1000	200-500
Жеткіліксіз	200-500	100-200
Өнбей қалған к е м і р е к	200 және 100 және	к е м і р е к

9 Қосымша

Тоғайлы ормандардың табиғи түлеп өсуін бағалау шкаласы

Түлеп өсуін бағалау	Өскіндер саны, дана /га	
	3 жасқа дейінгілер	3 жастан және о д а н к ө п
Жақсы	3000 астам	1500 астам
Қанағаттанарлық	1500-3000	800-1500
Жеткіліксіз	1500 және к е м і р е к	800 және к е м і р е к

10 Қосымша

Ағашты басты мақсатта пайдалану үшін кесуді белгілеу барысында қос қабатты ағаштардың жуандығын анықтау тәртібі

Ағаштарды кесу Ережелерінде орман орналастыруға мынадай тәсілмен қабылдаумен анықталатын жалпы жуандықтың шарттары ескеріледі:

1. Бірінші және екінші қабаттардың қоры жинақталады (1 гектарға немесе жалпы б ө л і к т е р г е) .

2. Барлық ағаштардың жалпы орташа биіктігін бірінші және екінші қабаттағы тұқымдар құрайтын қорлар бойынша орташа өлшемі есептеп шығарылады.

3. Негізгі қабаттағы басымырақ тұқым, қос қабатты ағаштың жалпы орташа биіктігі және оның жинақтық қоры жөніндегі стандартты жуандық пен қорлардың кестесі бойынша шартты жалпы жуандық 0,1 дәлдікпен анықталады. Мұнда ағаштың көлемі шартты жалпы жуандығы 1,0 астам болғанда Ереже кестелеріндегі ағашты кесудің 1,0 жуандығы бойынша керіледі, бірақ өсіп-жетілген және ұзақ тұрып қалған іріктеп алынатын сүректің көлемін

анықтау кезінде, оның нақты есептелген маңызы ескеріледі.

11 қосымша

Ағаш кесу Ережелерінде пайдаланылатын орманның негізгі терминдері мен анықтамалары

Терминдер	Анықтамалар
Жоғары қойма алаңы	Алқапта немесе оған тікелей жақын орналасқан, алқаптан онда дайындалған ағаштар жеткізілетін, өрімталдар мен ағаш сорттарына арналған тиеу алаңы
Кесілетін ағаштың жасы	Ормандардың мақсатты пайдаланылуына сәйкес кесу үшін белгіленген, өсіп-жетілген ағаштардың жасы
Ағашты сүйреу жолы	Өскіндердің, топырақтың және тамырға қалдырылған ағаштың сақталуын қамтамасыз ететін кесілген ағаштарды, өрімталдарды немесе ағаштың дөңгелек сорттарын сүйреу жүзеге асырылатын алқаптағы арнайы дайындалған қысқа жол
Іріктеп кесу	Белгілі жастағы, көлемдегі, сапасы мен жайына қарай ағаштардың бір бөлігін ұдайы кесу барысында басты мақсатта пайдалану үшін кесу
Ағашы кесілген алқап	Өсіп тұрған ағаштарды кесілген, ал жас ағаштары қабысқан беткі қабатынан әлі өспеген орман алаңы
Өртең жер	Өрт жойып жіберген немесе содан едәуір зақымданған өсімдік учаскесі (орманды қоса)
Орманның генетикалық резерваты	Түр, түр тармағы популяциясы бөлігінің генетикалық-селекциялық тұрғыдан бағалы орман учаскесі
Ағаштың басты тұқымы	Белгілі өсімдікте және экономикалық жағдайда шаруашылық мақсатына барынша сай келетін ағаш тұқымы
Тау ормандары	Жергілікті салыстырмалы биіктігінің 100 метрден астам ауытқулары бар және тау

жоталарының етегінен басына дейінгі орташа көлбеулігі 5 градустан астам тау жүйелері мен жекелеген алқаптарда, сондай-ақ беткейдің қиялығына қарамастан, таулы үстірт пен қырқада орналасқан ормандар

Қала ормандары	Қала шегінде өсетін және орман қорының құрамына кіретін орман
Ерікті-іріктеп кесу	Ағашты дер кезінде пайдалану және оның қорғаныштық қасиетін сақтау үшін фаутты, ұзақ тұрған, өсіп-жетілуіне орай өсуі баяулаған ағаштарды бірінші кезекте кесу барысында басты мақсатқа пайдалану үшін кесу
Мөлдек	Ағаш дайындауды ұтымды ұйымдастыру үшін нақты түрде бөлінген алқаптың бөлігі
Ағаштар жиынтығы	Өскіндердің негізгі құрамы болып табылатын ағаштардың жиынтығы
Табиғи өсіп-жетілу	Ағаштың жаңа тұқымының табиғи жолмен пайда болу процесі
Ағаштың табиғи құлауы	Жасына және басқа себептеріне орай ағаштарды табиғи түрде кесу нәтижесінде ағаштардың құлауы, өскіндерде олардың жойылуы
Іріктеу интенсивтілігі	Іріктеп және біртіндеп кесуге кезекті қабылдау барысында таңдалатын ағаш (процентпен) қорының үлесі
Интрааймақтық орман	Дербес аймағы жоқ, тек аймақтық орманға енгізілген бір немесе бірнеше аймақ орманы
Орманды жасанды түрде қалпына келтіру	Бұрын ағаштар отырғызылған алқаптарда орман дақылдарын егу
Тұқымдандыру көздері	Тұқымдандыру қызметін атқаратын ағаштар олардың топтары немесе орман қабырғасы
Қорғаныштық категория	Ерекше қорғауға, су қорғау, санитарлық-гигиеналық, рекреациялық, ғылыми немесе басқа арнаулы мақсаттарға байланысты бөлінген орман қорының бөлігі. Бірдей мақсатқа пайдалану үшін бөлінген барлық ормандар орман

шаруашылығын жүргізу мен оны пайдаланудың белгіленген режимімен бір қорғаныштық категориясына жатқызылады.

Алқаптың ықтырмалы жанасуы	Кезекті алқап алқаптың екі немесе үш еніне тең орман белдеуінен аттамалы түрде орналасқан кездегі алқаптың жанасуы
Орман	Бір немесе бірнеше түрлі ағаш өсімдігінен тұратын, бір-біріне жақын өсетін және организмдердің көпшілігі биологиялық өзара байланысты және бір-біріне, сыртқы ортаға ықпал ететін ағаштардың табиғи кешені
Орман дақылдары	Ағаш және бұта тұқымдарын себу немесе отырғызу арқылы жасалған орман дақылдары
Алқап (ағаш кесетін жер)	Басты мақсатқа пайдалану үшін кесуге және орманды күтіп-баптау үшін кесу мен санитарлық кесуге бөлінген орман алқабы
Орман шаруашылық ауданы	Орман шаруашылығы орман шаруашылық-техникалық тәсілдері мен бірдей жүргізілетін, табиғи және экономикалық жағдайы салыстырмалы түрде бірдей аумақ бөлігі
Жас шыбықтар (өскіндер) кезеңі	Өсу кезінен бастап негізінен сырықтай ағаш кезеңіне дейінгі ағаштардың алғашқы өсу кезеңі
Алқаптың бағыты	Алқаптың ұзына бойы жарық бағытына немесе жел өтіне қарай орналасады
Кесудің бағыты	Әрбір келесі алқап алдындағы алқапқа қатысты орналасатын бағыт
Егілген ағаштар	Ағаштар отырғызылған және оған қоса басқа орман дақылдары бар қарапайым, біркелкі белгілі бір шекарадағы орман учаскесі
Өсімдік (жас бұтақшалық) ағаштар	Өсімдіктің, оның ішінде түбірлі бұтақты, тамырлы атпа бұтақты және өркенді ағаштардан қалыптасқан ағаштар
Тамырлы ағаштар	Табиғи жағдайда қалыптасқан және аталған орман өсімдіктерінің жағдайына сәйкес келетін басым тұқымдарымен сипатталатын ағаштар

Біркелкі жастағы Өндірістік ағаштар	Жастары бір кластан аспайтын ағаштар Адам қызметінің немесе табиғи табиғат процестерінің нәтижесінен бүлінген жағдайда тамырдың орнында қалыптасқан ағаштар
Қарапайым ағаштар Әртүрлі жастағы ағаштар	Ағаштары бір қатар құрайтын ағаш алқабы Жастары бір кластан жоғары ағаштар
Тұқымдық ағаштар Күрделі ағаштар	Тұқымдық ағаштар отырғызылған ағаш алқабы Ағаштары екі және одан да көп қатар құрайтын ағаш алқабы
Аралас ағаштар ағаш алқабы	Екі және одан да ағаш тұқымынан тұратын
Таза ағаштар	Бір ағаш тұқымынан тұратын немесе басқа ағаш тұқымының бір қоспасы бар ағаштар
Алқаптың тікелей жанасуы орналасуы	Кезекті алқап алдындағысымен (бұрынғысымен) қатар орналасқан кездегі алқаптың өзара
Орманды үздіксіз таусылмастай түрде пайдалану	Ұзақ уақыт бойы (кесу айналымы) ағаш ресурстарын пайдалану көлемінің кейіннен азайып кетпеуіне немесе ормандардың сапасының нашарлауына апарып соқтырмайтындай орман пайдалану деңгейі
Алқаптың бір бөлігі	Ағаштар, өрімталдар мен сорттар алқаптың тасу жолымен сүйреліп шығарылатын алқаптың бір бөлігі немесе мөлдектер
Ағаштар (өрімталдар, сортты түрлер) бумасы	Болашақ технологиялық немесе көліктік (сүйреу) операциялары үшін бірге жиналған кесілген ағаштар
Орман дақылдарын жерге ағаш отырғызу үшін көшіру	Жасы мен жайына қарай белгілі бір сапалық көрсеткішке жеткен орман дақылдары учаскесін жерге ағаш отырғызу категориясына көшіру
Шіріген ағаштар	Энтомо-және фитозиянкестердің, өнеркәсіп қалдықтарының, су өтіп кетудің, рекреациялық салмақтың және басқа да себептер - жаппай

дауылдың (қар басып қалу), боран құлатудың
(қар құлатудың) салдары нәтижесінде ағаштары
тамырынан шіріген өнімді орман учаскелері

Жас шыбықтар Орман аясында өсетін және биіктігі
(өскіндер) ағаштардың негізгі қабатының биіктігінен
1/4 аспайтындай болып өсуге жарамды табиғи
жаратылған ағаш өсімдіктері

Су жайылмалы ормандар Өзен аңғарында уақытша су басқан жерлерде
өскен ормандар

Белдеулі-біртіндеп Бір бірімен алмасып отыратын өсіп тұрған
кесу ағаштарды жаппай белдеулермен және
тереңдеп-біртіндеп кесу барысындағы кесу
жүйесі. Теңдей-біртіндеп кесу белдеуі, ені
бойынша жаппай кесудің екі-үш белдеуіне тең.

Орманның кейіннен Кесілген және өртең жерлерде орманның
түлеп жетілуі табиғи түрде түлеп-өсуі

Біртіндеп кесу Өсіп-жетілген ағашты жасының бір немесе
екі класы кезінде бірнеше кезекте алқапта
кесу барысында ағашты басты мақсатқа
пайдалану үшін кесу

Орманның алдын ала Өсіп тұрған ағаштар аясында (кесуге дейін)
түлеп өсуі табиғи түрде түлеп өсуі

Ағаштың басымырақ Ағаштарды есепке алу кезінде оның көп
тұқымы бөлігін құрайтын ағаш тұқымы. Егер барынша
бағалы ағаш тұқымының құрамында қордың
4/10 кем болмайтынын құраса ол ағаштың
басымырақ тұқымы деп саналуы мүмкін.

Алқаптың жанасуы Өсіп-жетілген орманның ағаштары кварталында
немесе учаскесінде алқапты орналастыру тәртібі.

Алқаптың жанасуы төрт тәсілге бөлінеді:
тікелей, аттамалы, ықтырмалы, шахматты

Уақытша сынау алаңы Қандай да бір көрсеткіштерді өлшеу немесе
көз өлшемін жаттықтыруға арналған ағашты
алаң учаскесі. Сынау алаңы уақытша және
тұрақты болады.

Орман жолы	Орман кварталдарының шекарасын белгілеу үшін салынған ормандағы ағашы тазартылған белдеу (жол)
Басты мақсатқа пайдалану үшін кесу	Ағаш дайындау және орманды қалпына келтіру үшін өсіп-жетілген және одан мерзімі асып кеткен ағаштарды кесу
Орманды күтіп-баптау үшін кесу	Жоғары өнімді сапалы ағаштарды қалыптастыру және ағаштарды дер кезінде пайдалану мақсатында алқаптан керексіз ағаштарды шабу және басты тұқымдардың жақсы ағаштарының өсуі үшін қолайлы жағдай жасау жолымен жүзеге асырылатын орманды күтіп-баптау
Санитарлық кесу	Орманның санитарлық жайын жақсарту мақсатымен жекелеген ауру, зақымдалған және кеуіп кеткен ағаштарды немесе бүкіл ағаштарды кесу барысында жүргізілетін кесу жұмысы
Орманның өздігінен түлеп өсуі	Ағаштарды біртіндеп немесе іріктеп кесу барысында оларда пайда болатын табиғи өсу
Өсіп-жетілген ағаштар	Белгіленген кесу жасына жеткен ағаштар
Жаппай алқаптық кесу (жаппай кесу)	Алқаптағы бүкіл ағашты бір кезекте кесу кезіндегі ағашты басты мақсатта кесу
Алқаптың жанасу мерзімі	Тікелей жанасу кезінде алқапты кезекті кесуге белгілеу кезіндегі уақыт аралығы
Құламалы жарлар	Өзендердің құламалы тік жарлы жағаларындағы аймақтың 20 метрлік белдеуіне орналасқан топ ағаштар мен жекелеген ағаштар
Тоғайлы орман	Шөлейт аймақтағы су жайылмалы орман
Тар алқапты кесу	Алқаптың ені 30 метрден аспайтын кездегі жаппай кесу
Өрімталдар	Бұталарынан тазартыла кесілген ағаштың діңі
Алқаптың аттамалы түрде жанасуы	Кезекті алқап орман белдеуіне енімен аттамалы түрде алқаптың еніне тең орналасқан кездегі алқаптың жанасуы
Алқаптың ені	Қысқа жағы бойынша алқаптың ұзына бойы (созылмалылығы)

Қабат

Ағаштың тік құрылымының (қабатының)
элементі. Ағаштарда әдетте, қабат бір немесе
екіге (көп болуы сирек) бөлінеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК